



ЖЕТІСУ

шұғыласты

№14 (8902)
жұма 8 сәуір
2022 ЖЫЛ

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

Қ.Бозымбаев:

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫН БӨЛУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

◆ QYSQA-NUSQA

«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Самұрық-Қазына» қорының биылғы үш айда атқарған жұмысының нәтижелері туралы есеп берілді. Алмасадан Сәтқалиев Президентке Қордың өндірістік, қаржылық көрсеткіштері мен осы жылға арналған болжамдары жөнінде баяндады. Берілген мәліметтерге сәйкес Қор қазіргі уақытта жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізген. Осы қарқын биыл сақталады деп күтілуде.

ҚАТАР ӘМІРІМЕН ТІЛДЕСТІ

Көшбасшылар Қазақстан мен Қатар арасындағы ынтымақтастықтың қазіргі жағдайын талқылап, оны одан әрі қарай дамытудың қолайлы перспективалары бар екенін атап өтті. Тараптар өзара сауда-саттықтың оң қарқынын сақтауға және инвестициялық жобаларды, соның ішінде банк және қаржы салаларындағы жобаларды жүзеге асыруға ниетті екенін нақтылады.

ЕРДОҒАНМЕН ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Түркия көшбасшысы Қазақстан Президентінің мамыр айында Анкараға жоспарланған мемлекеттік сапары екі ел арасындағы көпжақты қатынастардың дамуына тың серпін береді деп үміттенетінін жеткізді. Сонымен қатар Мемлекеттер басшылары халықаралық және аймақтық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде де жан-жақты пікір алмасты.

ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысына еліміздің отын-энергетика кешенін дамытудың негізгі көрсеткіштері, сондай-ақ Каспий құбыр консорциумында (КҚК) қалыптасқан жағдайға байланысты қабылданған шаралар жөнінде есеп берілді. Энергетика министрі Президентке газ саласын дамытудың кешенді жоспарының пысықталу ба-рысы туралы баяндады.



Бүгінге дейін облыс құрамына 17 аудан және 3 облыстық маңызы бар қала, 742 елді мекен кірген.

Екі облысты біріктіріп, ірілендірудің нәтижесінде Алматы облысы әлеуметтік-экономикалық даму барысында нақты жетістіктерге қол жеткізді. Мәселен, 2001-2021 жылдары жалпы өңірлік өнім көлемі 25 есе, өнеркәсіп өнімі 17 есе, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 16 есе, құрылыс жұмыстары 30 есе, сауда 27 есеге ескен.

Алматы облысында соңғы 20 жыл ішінде 13 млн. шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілген. Облыс экономикасы-

на 7,2 трлн. теңге инвестиция тартылған. Осы уақыт ішінде облыс бюджеті 21 млрд. теңгеден 830 млрд. теңгеге дейін өскен. Яғни, көптеген елді мекенге инфрақұрылым тартылып, тұрғындардың экономикалық жағдайы жақсарған.

Облыс әкімі Қанат Бозымбаев өз сөзінде Алматы облысын бөлу әлеуметтік-экономикалық өсу мүмкіндіктерінің таусылуына байланысты емес, мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешу үшін жүзеге асырылып жатқанын айтты.

2-бет

◆ KULTÖBE

Жуырда Алматы облыстық мәслихатының хатшысы Жанболат Жергенбаевтың төрағалығымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс XVII сессиясы өтті. Сессиядағы алғашқы мәселе Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жетісу облысын құру туралы бастамасын қолдауға арналды. Екінші мәселе барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүру барысымен жалғасты. Күн тәртібінде, сондай-ақ, облыс әкімдігінің жанындағы кәметке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның дербес құрамын бекіту мәселесі қаралды. Келесі жайт Қазақстан Республикасының Үкіметіне облыста ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті мөлшерін белгілеу туралы ұсыныс енгізуге арналды. Сессияда облыстық мәслихаттың құрамына «AMANAT» партиясынан енгізілетін жаңа депутат таныстырылды.

Облыс әкімі Қанат Бозымбаев сессияда Алматы облысын бөлу жайында сөз сөйледі. Ол Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғыру жолы» атты Жолдауында айтылған тапсырмаларды орындау мақсатында облысты Жетісу және Алматы өңірлеріне бөлу бойынша жұмыстың жүргізіліп жатқанын айтты.

Алматы облысының аумағы 223,6 мың шаршы шақырымды құрайды. 2022 жылдың басында халық саны 2 млн. 108 мың адамға жеткен.

БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Ауданда әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің бағасын ұстап тұру мақсатында, Ескелді ауданының кәсіпкерлік бөлімі «Жетісу» ӨКК арқылы Ақсу ауданы Жансүгіров ауылының «Ақсуқант» ЖШС-нен 290 теңгеден аспайтын бағаммен аудан дүкендеріне сату үшін 23 тонна қант әкелді.

Қантты бір килограмм үшін 290 теңге бағамен (бір қолға 2 кг-нан артық емес) төменде аталған дүкендерден сатып алуға болады:

Қарабұлақ ауылдық округі бойынша «Оптомаркет», «Овация», «Оптовочка», «Болашақ», «Жақсылық», «Альтаир» дүкендері;

Бақтыбай ауылдық округі бойынша «Фортуна», «Айдана», «Дәулет», «Диас», «Сәлем» дүкендері;

Ақын Сара ауылдық округі бойынша «Дәулет», «ЖҚС» дүкендері;

Қоңыр ауылдық округі бойынша «Сәуле» дүкені;

Көкжазық ауылдық округі бойынша «Аділет», «Мақпал», «Бесбойдақ», «Бок-терли», «Ерасыл», «Гузаль», «Айнур», «Көкжазық» дүкендері;

Қаратал ауылдық округі бойынша «Қаратал», «Олжас», «Океан» дүкендері;

Алдабергенов ауылдық округі бойынша «Мерей», «Айжан», «Достар», «Мәулен», «Дана», «Көркем», «Жандос», «ЖК Инюттов», «Қанат», «Жібек», «Балым», «Айым», «Майра», «Арайлым», «Наубайхана» дүкендері;

Қайнарлы ауылдық округі бойынша «Азық түлік» дүкені;

Төленті ауылдық округі бойынша «Жетісу» дүкені;

Жалғызғаш ауылдық округі бойынша «Нұрсәт», «Жалғызғаш», «Береке», «Зарина», «Биғаш» дүкендері.



КӨШЕ - ТҰРҒЫНЫҢ АЙНАСЫ

Өткен сенбіде аудан жұртшылығы екі жылдан соң алғаш рет сенбілікке шықты. Қазанға қарағанның қасығы бөлек болса да азығы бір деген. Бәрінің илегені бір терінің пұшпағы. Өмір сүрер ортаның тазалығы. Әйтпесе, бұлардікі не жорық деріңіз бар. Тиесілі демалысын сәтті пайдаланбай, көше сыпырып не керінді? Қыс бойы сіз бен біздің көшеге тастаған қоқысымыздан көшелерді арылту керек. Олардың мұндағы мақсаты ортақ меншікті қоқыстан тазарту. Бастысы сіз бен біздің қоқысымыз.

Әріге барайық. Сенбілік басталмай тұрып, көше тазалығы жайына оралайық. «Өз күніңді өзің көр» деген жалған ұран жақсы болды талайға. Содан шықса керек, өзіміздікі жөн болса, өзгенікі құл болмаса, бұл болсын деген ниет пайда болды. Оларға ортақ меншік деген ұғым жат. Әйтпесе, ауласындағы қоқысты көшеге ысыра салу кімге опа береді? Бізде қалыптасқан бір қасиет осы. Аулам таза болса, көшені тазалайтындар бар ғой. Ахметше айтқанда, «отбасына келерлік бөле болмаса, жұрт басына келерлік бөлені ойлап, уайым-дамаймыз».

Сенбілік басталар бұрын желі арқылы аудан әкімі үндеу жасады. Елім деген ердің ештеңеден аянып қалмайтыны бесенеден белгілі. Үндеудің әрбір тұрғынды қоршаған ортаға жанашырлық танытып, тазалыққа бірдей үн қосуға шақырды. Әкім бастап, өзгесі қоспаған сенбілік солай басталды езі. Аталмыш шараға ауданның 100-ден аса ұжымы үн қосты. Оған белсенділігімен көзге түсіп жүрген аудан тұрғындарының қосыңыз. Сенбілікке қатысушыларға 28 техника жәрдемдесті. Нәтижесінде акцияға үн қосушылар 70-тен астам көшені, 230 іргелес аумақ пен екі скверді тазалады. Мұнтаздай етті. Қоқыстарды жиып, жол жиегіне қойды. Арнайы техника қоқыстарды полигонға жөнелтті. Шамамен 130 тоннадан астам қоқыс. Біздің және сіздің жыл бойына көше бойына, өз ауламыздан тыс жерге тастаған



қоқысымыз десек болады.

«Көшесіне қарап тұрғынын таны» деген тәмсіл бар. Ал тазалық бұл нақылдың құрамдас бөлшегі. Сіздің көшеңіз – сіздің айнаңыз. Үйдегі айнаның бетін ағал-жағал күйде қоймайсыз ғой. Жалтырап тұру үшін жиі бетін сүртесіз. Сол сықылды көшенің де тазалығын ойлап қойған абзал.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫН БӨЛУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

- Бөлу облыстың 1 миллионнан астам тұрғыны бар Алматы агломерациясын дамыту үшін жүргізіледі. Оның ішінде, 170 мың адам Алматы маңындағы инфрақұрылымы жоқ саяжай алаптарында тұрады. Талдықорған қаласынан алыс жерде бұл мәселелерді шешу оңай емес. Сондықтан, еліміздің өкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру бойынша Президент қойған міндеттің маңызы зор, – деді облыс басшысы.

Қанат Алдабергеноұлы өкімшілік-аумақтық өзгерістер мемлекеттік басқару процесін оңтайландырып, азаматтардың облыс орталығына келіп-қайтуын жеңілдететініне тоқталды. Ол өкімшілік орталығы Талдықорған қаласында орналасқан Жетісу және өкімшілік орталығы Қапшағай қаласында орналасқан Алматы облысының бөлінуі екі өңірдің дамуына қуатты серпін беретінін айтты.

Екі облыс аудандарының қалай бөлінетіні жөнінде Қанат Алдабергеноұлы: «Құрылатын Жетісу облысының аумағында 352 елді мекені бар, 8 аудан және 2 қала, Алматы облысының аумағының құрамында 380 елді мекен бар, 9 аудан және 1 қала», – деді.

Ол өз сөзінде Қазақстан Республикасы Президентінің өкімшілік-аумақтық құрылым туралы Жарлығын қабылдау жөніндегі іс-қимыл алгоритмінің әзірленгендігіне

тоқталды. Бүгінде экономикалық есептеулер жүргізіліп, Алматы және Жетісу өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша талдау материалдары дайындалып жатқанын айтты. Қолданыстағы штат санын қайта бөлу және мемлекеттік органдарды орналастыру үшін нысандарды айқындау жұмыстары басталды. Ұлттық экономика министрлігіне Жетісу облысының құрылуына байланысты штат санының лимитін және жергілікті атқарушы орган құрылымын ұлғайту қажеттілігін негіздей отырып, ұсыныс жіберілгені белгілі болды.

Жетісу облысының өкімдігі Талдықорған қаласында қалатындықтан қосымша шығыстар өкімдігі Қапшағай қаласында орналасатын Алматы облысы орналастыруға байланысты болмақшы. Бірінші кезекте қызметтік үй-жайларды жалдау, көтерме жәрдемақы төлеу, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері үшін тұрғын үй жалдау шығындары есептеліп, республикалық бюджеттен қаражат бөлінуі үшін бюджеттік өтінім берілмекші.

Облыс өкімінің айтуынша, Алматы облысын бөлу екі өңір экономикасының дамуына теріс әсер етпейді. Керісінше, 2025 жылға дейін бекітілген жоспарлы көрсеткіштерді елеулі ұлғайту үшін қосымша жаңа мүмкіндіктер туғызады.

Қанат Бозымбаев Алматы облысын екіге бөлу жөніндегі сөзін қорыта келе: «Алматы облысын бөлу елді мекендердің экономикасын нығайтып, өңірлерді жедел дамытып, шаруашылық жүргізуші құрылымдардың қызметін инновациялық негізге көшіруді жүзеге асырады», – деді.

Облыс басшысының сөзінен кейін облыстық мәслихаттың бірнеше депутаты мінберге шығып, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жетісу облысын құру туралы бастамасының тиімділігіне тоқталып, игі істі қолдайтындықтарын жеткізді. Сессияда Барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруі, облыс өкімдігінің жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның дербес құрамын бекіту және Қазақстан Республикасының Үкіметіне облыста ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті мөлшерін белгілеу туралы ұсыныс енгізілді.

Сессияда облыстық мәслихаттың құрамына «AMANAT» партиясынан кіргізілген жаңа депутат таныстырылды.

Гүлжан ТҰРСЫН,
«Жетісу» газеті

ХАЛЫҚ ҚАЛАУШЫЛАРЫ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты дәстүрлі жолдауында берілген тапсырмаларын орындау мақсатында аудандық мәслихат депутаттары аудан және ауыл халқымен кездесулер өткізді.

JOLDAUDY QOLDAU

ORAM

HABARLANDYRU

ILKIM

Аудан көлемінде 12 мәслихат депутаты бар. Олардың барлығы ауданды толығымен қамтып кездесу ұйымдастырды. Облыстық мәслихат депутаты Герман Нам наурыз айының соңында Шымыр ауылының тұрғындарымен кездесті. Халық қалаушысының мұндағы мақсаты - мемлекет басшысының жолдауын аудан тұрғындары арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, халықтың ойы мен пікірін тыңдау, ұсыныстарын ескеру.

Халықпен кездесу шаралары наурыз айының үшінші он күндігінде басталған еді. Мәселен, 24-наурызда аудандық мәслихат депутаттары бірден 4 ауылдық округті қамтыды. Атап айтсақ, аудан орталығы Қарабұлақ ауылында «AMANAT» партиясы аудандық филиалының фракция жетекшісі Серік Жолдыбаев кездесу өткізді. Дәл сондай кездесуді, аудандық мәслихат хатшысы Қанат Сатанов Қайнарлы ауылдық округінде, аудандық мәслихат депутаты Ермек Торғаев Жалғызгаш ауылдық округінде, жас депутат Толғанай Батырханова Қоңыр ауылында, аудандық мәслихат депутаты Раушан Мейрбекова Шымыр ауылында кездесу өткізді. Сонымен қатар, халық қалаушылары Гүлшат Аққалиқызы, Александр Хильниченко, Үміт Торғаева, Саят Ткенбаев, Айдын Дюсенбаев, Бақыт Досанов, Серік Чуңеновтер де ел ортасына түсіп, тұрғындармен кездесті.

Назерке ҚОЖАГЕЛДИНОВА,
«AMANAT» партиясы аудандық филиалының консультанты

ЖҮЙЕЛІ БАСТАМА ӨРГЕ СҮЙРЕЙДІ

Үстіміздегі жылы 25-наурызда Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзынша автомобиль жол ауылдары тасымалдау қызметінің жолын кесу бойынша арнайы жол картасы қабылданды.

Жол картасында жолаушыларды автомобильмен тасымалдау нарығының жай-күйін талдау, ұлттық заңнама нормаларын түгендеу және түсіндіру, сондай-ақ белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде бірлескен шаралар жүргізу бойынша іс-шаралар көзделген.

Аталмыш құжат 2021 жылы қыркүйекте ҚР Үкіметімен бекітілген Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде әзірленген еді. Дәл осы жоспарға сәйкес Индустрия және инфрақұрылымдық даму, ішкі істер, қаржы, ұлттық экономика, ақпарат және қоғамдық даму, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыштық өнеркәсіп министрліктерінің, сондай-ақ «Атамекен» ҰҚП және басқа да мүдделі ұйымдардың өкілдері кіретін Ведомствоаралық жұмыс тобы қызмет етуде.

Айта кетерлігі, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі автомобильмен жолаушылар тасымалы саласында заңнама талаптарын сақтауды қамтамасыз ету бойынша жұмысты тұрақты түрде жүргізіп келеді.

Осылайша, ҚР Ішкі істер министрлігімен бірлескен іс-шаралар барысында 2021 жылы 280 рейдтік тексеру жүргізіліп, нәтижесінде 390-нан астам өкімшілік іс толтырылды, 8,2 млн. теңге соммасында айыппұл салынды. Көліктік бақылау бекеттерінде 1500 өкімшілік іс толтырылды, 10 млн. теңгеден астам соммаға айыппұл салынды.

Автомобильмен жолаушылар тасымалы саласында заңнама талаптарын сақтауды қамтамасыз ету бойынша одан әрі жұмыс аталған Жол картасы шеңберінде жүргізілетін болады.

ҚҰРМЕТТІ БОЛАШАҚ БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫ!

1 сыныпқа құжаттарды қабылдау 1 сәуір мен 1 тамыз аралығында өтеді.
1 сыныпқа 6 жастағы балалар қабылданады. Сонымен қатар, 31 желтоқсанға дейін алты жасқа толған балалар да бірінші сыныпқа бара алады.

Азаматтарға ыңғайлы болуы үшін қызмет толықтай автоматтандырылған және eGOV.kz порталы арқылы көрсетіледі.

Қандай құжаттар қажет?

- Ата-ананың өтініші (электронды түрде қалыптасады)
- Туу туралы куәлік (электронды түрде қалыптасады)
- Баланың денсаулық паспорты (026/у-3 нысаны)
- Егу паспорты (065/у нысаны)
- Баланың суреті (3*4 өлшемді)

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

ДОРОГИЕ РОДИТЕЛИ БУДУЩИХ ПЕРВОКЛАССНИКОВ!

Прием документов в 1 класс проходит с 1 апреля по 1 августа.
Для удобства граждан услуга полностью автоматизирована и оказывается через портал eGOV.kz.

Какие необходимые документы?

- Заявление родителя (формируется электронно)
- Свидетельство о рождении (формируется электронно)
- Паспорт здорового ребенка (форма 026/у-3)
- Прививочный паспорт (форма 065/у)
- Фото ребенка (размером 3*4)

Отдел образования по Ескельдинскому району

ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ ТАРАЗЫЛАНДЫ

Ескелді ауданы өкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссияның 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың 31 наурызында аудан өкімінің төрағалығымен ТҚК отырысы өтті.

Отырысқа ауданның мекеме басшылары, комиссия мүшелері, ауыл өкімдері қатысты.

Жиын барысында үш мәселе қаралды. Қатысушылар «Аудандағы білім беру мекемелерінде діни экстремизм мен терроризмге қарсы бағытталған жұмыстарының тиімді орындалуы туралы», «Террористік актілердің салдарын азайту және жоюға мемлекеттік органдардың дайындығы туралы», «Ауылдық округ өкімдерінің діни экстремизм мен терроризмге қарсы бағытталған профилактикалық жұмыстарының тиімділігі туралы» мәселелерін тарақтты.

Отырыс қорытындысы бойынша мемлекеттік органдарға тиісті тапсырма берілді.
Ескелді ауданы өкімдігі жанындағы ТҚК аппараты

SONGE

БАЛА ТІЛІНІҢ МҮКІСТІГІН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ЖОЯДЫ

Ұлттық ойындар ата-бабамыздан бізге қалған байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан үйренудің күнделікті тұрмыста пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. В.Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: Ойынсыз таным процесінің дамуы мүмкін емес. Ол дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті. Ойын арқылы баланың рухани сезімі жастық шақ өмірімен ұштастырып, өзін қоршаған, дүние туралы түсінігі қалыптасады.

Сөйлеу тіліндегі кемістіктерді зерттеу және оларды түзету саласы XIX ғасырдың ортасынан дами бастаған. А.Куссмауль. И.Сикорский атты ғалымдар баланың сөйлеу тіліне назар аударып, нақты кемістіктерді олардың себептерін, клиникалық көріністерін зерттеген. Қазіргі логопедия сөйлеу тіліндегі түрлі ауытқушылықты ғылыми тұрғыдан зерттеу және оларды жою, түзету жолдарын әзірлеумен айналысады. Мектептегі балалар мен мектеп жасындағы бүлдіршіндерге көмек көрсету салаларын ажыратуға болады. Сөйлеу тілінің дамуы мен оның кемістіктерін түзету мен сақтандыруға ықпал жасау логопедияның негізгі бағыты. Логопедияның маңызы тілдің әлеуметтік маңызымен тығыз байланысты. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тіл кемістігін ескеріп, балаларға лайықты ұлттық ойындарды «Сақ құлақ», «Арқан тарту», «Тоғыз-құмалақ», «Соқыр теке», «Теңге ілу» сабақта қолдандық.

Сақ құлақ ойынында әрбір қимылы сөйлеу арқылы жүзеге асады. Бұл ойынды қазір көпшілік «Телефон» деп атап жүр. Біз оның ескі атауымен атауды жөн көрдік. Логопед пен логопат екеуі кезектесіп құлағына сыбырлап кезекші дыбысты дұрыс дағдыландыруға сөздерді айтады. Ойынның шарты бойынша логопед баланың құлағына сыбырлап «С» дыбысына байланысты бір рет қана сөз (сабын) айтады, ал бала естіген сөзін дұрыс анық айтып өз тарапынан тағы бір сөз (сабын, сақина) қосады. Сөйтіп ой-толғауға сөз тізбегін ұштастырып кете береді. Сабын, сақина, ананас, тас, аласа, маса, қас, сарыпсақ. Арқан тарту - халық арасында кең таралған ойынның бірі. Қара күшке бейім болған соң көбіне ер балалар ойыны саналады. Бұл ойын арқылы балалардың сана-сезімінде қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын зерделеп, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру көзделеді. Ойынның шарты бойынша логопед пен логопат екеуінің ортасында арқан жатады. Ойын барысында кімде-кім кезекші «Ш» дыбысына байланысты сөз тіркесін құрастырса, сол жақта арқан ұзын бола бастайды.

Қызыл қарындаш. Ұзын шаш. Биік қаша. Құстар ұшты. Ұшақ ұшты.

Тоғыз-құмалақ - қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойыны. Соңғы деректерге қарағанда, оның шығу тарихы 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі мұнан да әрде болуы мүмкін. Тоғыз-құмалақ өткен ғасырда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын. Бұл ойын арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы 2 қазан, 18 отадан, 162 құмалақтан тұрады. Ойынның шарты бойынша логопед пен логопаттың алдында тоғыз-құмалақ ойынының арнайы тақтасы болады. Кезекші дыбысқа байланысты буын ұйқасы мен жаңылтпаштарды дұрыс атаған сайын бір құмалақтан келесі



отауға лақтырып отырады. Мәселен:
Са-са-са-ызындайды маса, за-за-за-қолым менің таза;
Сергіз серке, семіз серке;
Шалшық балшық, балшық шалшық, шалшықтан ал шық;
Ақ лақ аппақ па, ала лақ аппақ па, ала лақ аппақ емес, ақ лақ аппақ па.

Соқыр теке - қазақтың ежелден келе жатқан ойын түрі. Бұл ойынды кез келген жерде ойнауға болады. Баланың фонетикалық есту қабілетін дамыту мақсатымен ойын жүзеге асырылады. Ойынның шарты бойынша баланың көзін орамалмен байлап, логопед алыстан тұрып қол шапалақтайды. Бала шапалақтың шыққан дыбысының ара қашықтығына байланысты педагогты табу керек.

Теңге ілу ойыны тегіс жерде өткізіледі. Ойын ойнағанда балалардың ой-толғау мен тіл жүйігіне байланысты аламыз. Ойынның шарты бойынша баланың алдында кішкентай сиқырлы қап болады. Логопед балаға арнайы дайындалған жұмбақтар жасырады. Егер бала белгіленген уақытта жылдам жұмбақтың жауабын табатын болса, алдында жатқан кішкентай қапты алады.

Мәселен:

Сырт-сырт етеді,

Уақыт озады. (Сағат);

Басы құдық,

Сабы сыдық. (Ожау);

Белі бүкір,

Алысқа түкір. (Мылтық).


Балалардың жас ерекшелігі мен ОПМПК қорытындысы ескере отырып лексикалық-грамматикалық сөз, сөз тіркесімен, сөйлем құрылымымен түзету жұмыстары жоспарланғандай ұлттық ойындар қолданылады. Ұлттық ойындарды қолдану барысында балалардың фонетикалық есту қабілеті мен фонематикалық икемділігі қалыптасты, дыбыстар қатарын дұрыс машықтандыруға, ұқсас дыбыстарды ажыратуға, жаттамақтар, жаңылтпаштар мен жұмбақтарды шешкенге, ой-толғауға тапсырмаларды орындауда өз үлесін қостады.

Ж.ЖАҢБЫРАЕВА,
Ескелді ауданының №12 ППТК мұғалім-логопеді




МАЙБҰРШАҚ МЕН ХАЙСТИК® СОЯ ЕГІЗ ҰҒЫМ

Майбұршақ – майлы және бұршақ дақылдарының ішіндегі ең көп таралған түрі. Бұл дақылды адамдар осыдан 5000 жыл бұрын Шығыс Азияда өсіре бастаған деген дерек бар. Майбұршақтың құрамында ақуыздың мөлшері жоғары және көптеген бағалы тағамдық компоненттерге бай болғандықтан, оны өсіру көптеген елдерде әлдеқашан қолға алынған. Майбұршақ жер шарындағы 60-тан астам елдердерінде өсіріледі. Соңғы жылы әлемдегі майбұршақ өсірілетін егістің ауданы 125 млн. гектардан асты. Өнімділік бойынша жоғары нәтижелер келесі елдерге тиесілі: АҚШ – орташа 35 ц/га, Бразилия – орташа 32 ц/га, Аргентина – орташа 30 ц/га, Парагуай – орташа 28 ц/га, Канада – орташа 30 ц/га және Украина – орташа 26 ц/га. Өткен жылдың есебі бойынша жер жүзінде 360 млн тоннаға жуық майбұршақ өндірілген, оның ішінде негізгі өндіруші елдер: АҚШ – 125,2 млн.т, Бразилия – 115 млн.т, Аргентина – 54 млн.т, Қытай – 16 млн.т, Үндістан – 12,5 млн.т өндірген. Ал Қазақстанда өткен жылы майбұршақ дақылы 113 мың гектарға себіліп, ал орташа өнімділігі 20 ц/га болыпты.



Хайстик® Соя препаратымен өңделген майбұршақ тұқымының көрінісі




бірге арамшөптерді жою уақытын тездетеді. Аталған гербицид майбұршақ егістігіндегі бір жылдық және көпжылдық қос жарнақты арамшөптерді және бір жылдық дара жарнақты (астық тұқымдас) арамшөптермен күреседі. Яғни Корум® гербицидін қолдану арқылы арамшөптердің көптеген түрлерін жоюға болады. Корум® қазіргі таңдағы майбұршақ егістігіндегі негізгі арашөптің бірі – шоңайнамен (дурнишник) өте жақсы күреседі. Басты шарт Корум® гербицидін өз уақытында яғни майбұршақ 1-3 жапырақ кезінде, ал арамшөптің бастапқы өсу кезінде қолдану керек. Егер бойы өсіп кеткен шоңайнаға қарсы қолданылса тиімділігі төмендеуі әбден ықтимал. Корум® гербицидімен Алматы облысының Сарқан ауданында

бос азотты сіңіріп, сіңірілген азотты өсімдікке сіңімді түріне айналдырады. Инокулянтпен майбұршақ тұқымын себудің алдында өңдеу, яғни тұқымды инокулянтпен араластыру. Қазіргі таңда нарықта инокулянттардың бірнеше түрі бергілі. Олар орамада сұйық, ұнтақ және торфтық күйінде болады. Осы үш күйдің ішіндегі торфтық негіздегі Хайстик® Соя инокулянттыңа қоғалмаушымыз. Хайстик® Соя – торфтық негіздегі инокулянт. Хайстик® Соя инокулянттың 1 грамында 2 млрд. тірі брадирозобиум жапоникум (*Bradyrhizobium japonicum*) бактериялары бар. Бұл бактериялар ауадағы азотты сіңіріп, оны майбұршақ пайдалана


сіңіргенін білу үшін түйнекті ортасынан екіге бөліп көруге болады. Азотты жақсы сіңіріп жатқан түйнектің іші қанық қызыл түсті болады. Ал, нашар жұмыс істейтін түйнектердің іші ашық-қызылт түсті болады. Бұған мысал ретінде төмендегі суретті келтіруге болады. Майбұршақты өсіруде кездесетін негізгі проблема, ол – арамшөп. Арамшөптер топырақтағы қоректік заттарға майбұршаққа бәсекелес болады. Арамшөптердің тамыр жүйесі өте мықты болады. Егер арамшөппен мәдени дақыл бір жерде өсетін болса, негізгі қоректік заттарды арамшөп көп пайдаланады. Дүние жүзінде мәдени дақылдар арамшөптердің әсерінен



Хайстик® Соя



Басқа инокулянт



Хайстик® Соя



Бақылау

алатын түріне алмастырады. Яғни жоғарыда аталған үш тонна өнім алуға топырақта жетіспейтін 160 киллограмм азотты ауадан сіңіріп, майбұршаққа жетімді ете алады. Хайстик® Соя инокулянттың бірнеше артықшылықтары бар, олар:
- Майбұршақты азотпен қамтамасыз етеді;
- Топырақты азотпен байытады;
- Өндегенде тұқымға жақсы жабысады, бір тұқымда 100 мың бактерия;
- Майбұршақтың өнімділігін және ақуызды жоғарылатады;
БАСФ компаниясы Алматы облысы, Сарқан ауданында майбұршақ егістігінде Хайстик® Соя инокулянтты қолдану арқылы 10 гектарға демо-тәжірибе ұйымдастырған еді. Бір гектарға себілетін майбұршақ тұқымы 0,4 кг Хайстик® Соя инокулянтпен өңделді. Бұл танапта майбұршақ қант қызылшасынан кейін себілген болатын. Бақылау нәтижесінде өзге инокулянт қолданылуды.
Тәжірибе барысында Хайстик® Соя инокулянттың түйнек бактерияларының қалыптасуына және олардың санының көп болуына өте жақсы әсер еткені байқалды. Суреттен Хайстик® Соя қолданылған

жыл сайын шамамен 20% өнімділігін жоғалтады. Арамшөптерден келетін зиян аурулар мен зиянкестен болатын зияннан да жоғары болады. Сол себепті жоғары және сапалы өнім алуға ұмтылған шаруалар майбұршақ егістігінде міндетті түрде арамшөптермен күреседі.

бір егісте, әр маусымда қолданатын болса, кейде ол гербицидке қарсы арамшөптерде төзімділік пайда бола бастауы мүмкін. Яғни гербицид арамшөптерге қарсы тиімділігін жоғалтуы не тиімділігі төмендеуі мүмкін.
БАСФ компаниясы Қазақстанның

майбұршақ егістіктерінде демо-тәжірибе жүргіздік. Тәжірибе егістігіне Корум® гербицидін 1,8 л/га мөлшері қолданылды. Суреттен көрініп тұрғандай Корум® арамшөптерге қарсы өте жақсы тиімділік көрсетті. Астын сызып айтатын болсақ шоңайна, алабота (марь), ойраншөп (амброзия) теофраст бұйдакендір (канатник теофраста) сияқты арамшөптерді және бір жылдық астық тұқымдас арамшөптерді толығымен жойды. Жоғарыда шоңайнаның екі өсу кезеңі көрсетілген. Корум® гербицидін шоңайнаны жойды. Тәжірибе нәтижесі шаруа қожалығының көңілінен шықты.
Жоғарыда айтылғандай Хайстик® Соя майбұршақты азотпен жақсы қамтамасыз етіп, Корум® гербицидін арамшөптермен тиімді күресті. Өнімділікке келер болсақ, Хайстик®



Арамшөптермен күресу кешенді әрекеттерді талап етеді. Тиімді күресудің бір жолы - химиялық, яғни гербицид қолдану. Соңғы жарнақ Алматы облысының майбұршақ егетін шаруалары арамшөптермен күресуде үлкен кедергілерге кездесіп жүр. Себебі қолданыста жүрген кейбір гербицидтерге қарсы арамшөптерде төзімділік пайда бола бастады. Егерде құрамында бір ғана әсерлі заты бар гербицидті көп жыл



нарығына майбұршақ егістігіндегі негізгі арамшөптерге қарсы қолданылатын Корум® гербицидін енгізді. Корум® гербицидін құрамында екі түрлі әсерлі зат бар, олар: бентазон және имазамокс. Яғни бұл гербицидке қарсы арамшөптерде төзімділік пайда болуы қиын. Корум® гербицидін күшейтілген биологиялық әсерге ие. Жетілдірілген препараттық формасы ДАШ жабыстырғышымен

Соя және Корум® қолданылған танаптан 34 ц/га өнім жиналды, ал бақылау танаптағы өнімділік 27 ц/га болды. Қосымша өнім 7 ц/га жетті. Жоғарыда келтірілген өнімдерге қатысты сұрақтар туындаса, төмендегі маманға хабарласаңыздар болады:

**+7 701 718 67 11
Азамат, ТАНАШЕВ,
Алматы облысы
бойынша маман.**



Хайстик® Соя препаратының тиімділігінің тағы бір көрінісі



Корум® гербицидін



Бақылау

Мұхаммед Ордыбай, аудандық мешіттің бас имамы:

«ОРАЗА - ТЕК АСТАН ТЫЙЫЛУ ЕМЕС, НӘПСІНІ ТЫЮ»

Сәуірмен қатар келген мұсылмандар үшін қасиетті Рамазан айы басталды. Он екі айдың сұлтаны саналатын қасиетті айда Алланың мейірімі төгіліп, жұмақтың есігі айқара ашылатын, сауаптар еселеніп жазылатын шарапаты мен шапағаты мол құлшылық маусымы. Қасиетті айда жасалатын құлшылық төңірегінде көп туындайтын сұраққа жауап алу үшін аудандық мешіттің бас имамы Мұхаммед Ордыбай мырзамен сұхбаттасқан едік.



- Күллі мұсылманға парыз етілген қасиетті ай да басталды. Осы тұста ең алдымен Рамазан айының қадір-қасиетіне тоқталып, ораза ұғымына түсінік берсеңіз?

- Рамазан – жыл сайын белгілі бір уақытта қайта оралып, бауырларымызға қайта сауап жинауға мүмкіндік беретін ай. Оразаға ниет еткен жамағат таңнан ақшам уақытына дейін сабырлық жасайды. Сабырлық пен таза ниеттің көрінісін атап айтса, кешке дейін ішіп жемейді, ашу-ызаға бой алдырмай, жұмсақтық танытады. Тұла бойын, тілін жаман сөзден, көзін сұқтанудан сақтайды. Ораза араб тілінде «саум» деп айтылады. Саум сөзінің мағынасы барлық нәрседен тыйылу деген ұғымды берсе, шариғаттағы мағынасы – таң атқаннан күн батқанға дейін ораза ниетімен ішіп-жеуден және нәпсінің қалауларынан тыйылу дегенді білдіреді.

- Ораза кезінде ауыл-үйді аралап «жарапазан» айтушылар көбейеді. Бұл әрекет дінде бар ма, әлде дәстүр ме?

- Жарапазан сөзі араб тілінде «Жә-Рамазан» деп айтылады. «Жә» сөзі арабша «келді» деген мағынаны білдіреді. Яғни жарапазан «Рамазан келді» деген сөзден туындаған. Жарапазан туралы Ахмет Байтұрсынұлы: «Жарапазан — Рамазан деген сөзден шыққан, ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің тысында тұрып, жарапазан өлеңін айтады. Ораза ұстаған адамдар сауап болады деп, жарапазан айтқандарға құрт, май, ірімшік, бір шаршы шұберек, басқа сол сияқты нәрселер береді. Жарапазанды көсіп етіп, ораза уақытында ел аралап, күндіз жүріп айтатын үлкен адамдар болады. Жарапазанды екі адам болып жүріп айтанды. Бірі жарапазан айтқанда, екіншісі қостаушы болады», - деп жазған. Бұрындары жұрт Рамазан айының келгеніне қуанып жарапазан айтқан. Бүгін де сол үрдіс қайталанып жатса неге қуанбасқа? Өлең тіркестерінің өзі қандай тамаша.

Үйің, үйің үй екен, Ақ төбедей көрінген Қандай байдың үйі екен?!- деп бір бірінің мерейін өсіріп,

сыйластық пен татулықты насихаттап тұрады.

-Рамазан айында «Қадір түні» бар. Осы қасиетті түннің құлшылық үкімі жайлы айтып өтсеңіз?

- Мың айдан да қайырлы Қадір түні Рамазан айының соңғы он күнінің бірінде болады. Биыл Қадір түні сәуір айының 27-нен 28-не қараған түні деп белгіленді. Раббымыз пендесіне басқа түндерде бермеген ризық-несібесін осы түнде үлестіреді. Бірақ ұйықтамаса болды Алла береді деп теледидар көріп, телефонға телміріп отырмай, дұға оқып, құлшылық қылған абзал.

- Ораза тұтпауға рұқсат етілген себептер қандай?

- Алла Тағала Құран Кәрімде «Бақара» сүресінің 185-аятында: «Сендерде кім Ораза айында болса ораза ұстасын, ал, біреу науқас не сапарда болса басқа күндерде санын толтырып ораза тұтсын» деген. Егерде денсаулығы болса, ешқандай кедергі болмаса ораза ұстаған дұрыс. Десек те үнемі дәрі немесе уколға сүйенетін, ораза ұстаса денсаулығына зиян келетін науқастар болса, әрине, кешірімді. Сондай-ақ, алыс сапарға шыққан адамдарға да кешірім бар. Бірақ сырқатынан айыққан соң, сапары біткен соң міндетті түрде ораза ұстағандары абзал.

- Биылғы пітір-садақаның белгіленген өлшемі қандай?

- Бір ай бойы Рамазан айтына дейін пітір садақасын береміз. Оның ең төменгі мөлшері Қазақстан Мұсылмандар Діни басқармасы төрағасының шешімімен биылға 500 теңге болып бекітілді.

- Қазір жастардың дені оразаға бет бұрған. Бірақ жас буынның көбі ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін біле бермейді. Жас буынға қунды ақпар болсын, оразаны не бұзады, не бұзбайды?

- Оразаны әдейі ішіп-жеу, темекі шегу, насыбай ату, дәрі қабылдау, құрамында нәрлі заттары бар ине егу, әйелімен жақындасу, яғни таң намазынан ақшам намазына дейін жақындасу бұзады. Ал егер ұмытып кетіп, байқамай ішіп-

жесе, аузына келген қақырықты жұтса, құлаққа су кірсе, темекі түтіні иә болмаса топырақ, шаң, ұнның тозаңы, қардың ұшқыны, жауынның тамшысы тамаққа еріксіз кірген жағдайда ораза бұзылмайды. Бірақ «мынадан ораза бұзылмайды» деп арқаны кеңге салуға да болмайды. Ескеретін жай бар. Мысалы, байқамай ішіп-жеп қойғаны еске түскенде дереу тоқтату керек. «Аузым ашылып кетті ғой» деп ары қарай ішіп-жей бермей, сол жерден тоқтауы керек. Бірақ келесі күні қарызын өтегені абзал. Рамазан айында сонымен бірге, жаңа босанған әйел ораза ұстамайды. Сонымен қатар, нәзікқандыларда арнайы күндер болады. Оны тарқатып айтудың да қажеті жоқ. Сол уақытта ораза ұсталмайды. Сондай-ақ, аяғы ауыр, сол секілді емізулі баласы бар әйел өз денсаулығына қауіппен қараса, оразадан босатылады. Тек кейін қазасын өтеуі парыз.

- Ғайбат, өтірік, алдау-арбау, жаман сөз айтса, ұрсысса, қатты ашуланса ораза бұзыла ма?

- Ораза кезінде көп құлшылық жасап, садақа беру, адамдарға жақсылық жасау, Құран оқумен айналысқан дұрыс. Егер ораза кезінде демалыс алуға мүмкіндік болса, уақыттың басым бөлігін бір Аллаға құлшылық қылумен өткізген абзал. Сол сәтте ашуға да, ызаға да уақыт болмайды.

- Сәресіге ұйықтап қалған адам не істейді?

- Сәресіде берекет бар. Бір стақан су болса да ішу керек. Сәресіні жіберіп алмауға тырысқан жөн. Хадисте: «Сәресі ішіңіздер, себебі, сәресіде берекет бар. Бір жұтым су ішсеңдер де сәресіні тастамаңдар. Себебі, сәресіге тұрғандарға Алла Тағала рақым етіп, періштелер кешіріп тілейді», - делінген. Адам болғансоң түрлі жағдай болады. Ұйықтап қалса немесе басқа себептермен сәресіні өткізіп алғандар ештеңе ішіп-жеместен ораза ұстауын ары қарай жалғастыра береді.

- Әңгімеңізге рахмет!
Сұхбаттасқан Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ

ЖАНҒА ДАУА, ДЕРТКЕ ШИША

Қасиетті Рамазан айында ауыз бекіту адам баласының жан-дүниесіне әсер етеді. Тәтті ұйқысын қиып сәресі ішуге оянады, нәпсісін тыйып күні бойы астан, ерсі қылықтан аулақ болады. Рухани пайдасын айта берсек қалам мен қағаз жетпес. Ал денсаулыққа пайдасы қандай? Жалпы адам денсаулығы үшін оразаның рөлі қандай? Аудан тұрғындарының арасында шағын сауалнама жүргізіп, аз-кем әңгімелестік. Қасиетті айға көзқарасын білдік. Соны назарларыңызға ұсынамыз...



- Әр жыл сайын Жаратушы бізге күнәміздан арылып, үлкен сауапқа бөленетін мүмкіндік береді. Әрине, әр түрлі жағдайға байланысты біз бұл сауаптан қағылып қалып жатамыз. Алайда, қолымнан келгенше ауыз бекітіп, күнәлардан арылатын мүмкіндікті жібермеуге тырысамын. Жалпы өзім соңғы бірнеше жыл қатарынан Ораза айын асыға күтіп, ауызымды бекітетінмін. Бірақ осы жылы денсаулығым байлынысты ұстай алмадым. Асқазаның ауырса бірден барып емдеткен дұрыс екен, себебі күнделікті өмірде білінбей жүргенімен дәл оразаға келгенде ауыз бекітуге мүмкіндік бермейді екен, - дейді аудан тұрғыны Мұратбек Сапарғали.

- Биылғы Рамазан айы көктемнің салқын мамыражай күндеріне сәйкес келіп тұр. Бұл да Алланың құлдарына деген мейірімі шығар. Рамазан айында денсаулығын сылтау етіп ораза ұстамайтын бауырларымыз бар. Бұл – дұрыс емес. Негізгі көп аурудың шипасы – осы ораза. «Жақсы ас – ем, артық ас – у» деген бар қазақта. Уақытымен ішкен ас керемет көңіл күй, күш-қуат береді. Мөлшерінен асып, қанағатшылықты ұмытып ішкен ас у болады. Рамазан отыз-ақ күн. Отыз күнде бәріне төзімділікпен қарауға болады, - дейді аудан тұрғыны Али Бамишиян.

- Мына заманда астан келетін дерт түрі шаа етектен. Дүкеннің алдынан өтіп бара жатып «кола» деген әпендіні көрсек ішуге жүгеріміз. Бет алды ауызымыз тынбай аны, мынаны бір жұтып жүреміз. Оразаның осы тұста тигізер пайдасы орасан. Әрі аш жүргенде өзге дүниелерге тиісінше көңіл бөлуге болатынын түсіндім. Ізденіс ауқымы кеңі түседі. Мінез бекіді, - дейді аудан тұрғыны Әбілмансұр Болатбекұлы.

- Қан қысымы деген пәле бар. Аяқ асты түсіп, аяқ асты көтеріледі. Дәрісіз жүру мүмкін емес. Оразаға қанша ниеттенсем де ұстай алмадым. Себебі денсаулығымның тосын сыйлары көп, - дейді қарт әжей Гүлбар Бертаева.

Жанды рухани азықтандырып, нәпсімізді ауыздықтайтын отыз күн оразада әр мұсылманның жүрегіне мейірім орнайтыны анық. «365 күн бойы тамақ ішетін адамға жылына 30 күн ораза тұту дұрыс» деп таныған ғалымдар қауымының пікірін де ескерген абзал. Әр саланың өз мамыны бар. Оразаның денсаулық үшін қандай рөлі бар екенін аудандық аурухананың эндокринолог дәрігері Еркеш Нұрбекқызы айтып берді.

- Рамазан айы әрбір мұсылман үшін үлкен мереке. Себебі атаулы айда адам баласы игі істерімен сауап жинап, ниетін, тәнін, жан дүниесін тазалайды. Әрине ораза ұстаудың да өзіндік қиын тұстары бар. Ораза кезінде ағзадағы қалдықтар шығады. Іш құрылысы, тері — жаңарады. Және ораза ұстаған адамдардың көбі салмақ тастайды. Оразаның жеңіл өтуі үшін, жеңіл қорытылатын тағамдар жеп, шектен тыс ас ішпеген дұрыс. Қуырылған, тұздалған тағамдарды аз пайдалануға кеңес беремін. Негізінен салауатты өмір салтын сақтап жүрген адамға Алла күш-қуат беріп, парызын атқаруға жеңілдік береді. Дәрігер ретінде ораза кезіндегі денсаулығыңызға, оразаға дейін көңіл бөлуіңізді ұсына өдім. Десек те ауызы берік адам ағзасында болып жатқан жайттарды күнделікті бақылап жүруі керек. Бір жері ауырса өздігінен емделуге әрекеттенбей, дәрігердің көмегіне жүгінуі қажет,-дейді аудандық маман.

Дәрігердің сөзінше ауыз бекіту арқылы денедегі май құрамы азаюмен қатар, холестерин мөлшері де бәсеңдей түседі екен. Бұл дегеніміз қанның қоюлануының алдын алады. Және де сіз күнделікті пайдаланып жүрген түрлі химиялық қоспалар бар тағамдардың басым көпшілігі улы заттарға толы. Ал ораза уақытында сіз осы улы заттардан арыла отырып, жаңа қуат пен күш аласыз. Осы тұста маманнан қант диабеті бар адамдар ораза кезінде қандай қиындықтарға тап келетінін және қандай тағам жеу керекін сұрадық.

- Қант диабетімен ауыратын адам еш қиындықсыз ораза ұстауы мүмкін. Бұл адамның ашығуды көтере алу мүмкіндігіне байланысты. Ораза кезінде қант диабетінің негізгі ықтимал асқинулары қауіпті төмен глюкоза (гипогликемия), сондай-ақ жоғары қант (гипергликемия), диабеттік кетоацидоз және тромбоз. Егер қант диабетімен ауыратын науқаста тамақ қабылдау жеткіліксіз болса, бас айналу, көздің қараңғылануы, қысымның күрт төмендеуі және есінің жоғалуы сияқты қауіпті белгілерді байқауға болады. Бақылауға сәйкес, оразаның диабетпен ауыратын науқастарға әсері әртүрлі: бір жағынан, ол өте жойқын, ал екінші жағынан пайдалы болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда ешқандай әсер байқалмайды.

Бірнеше маңызды сәттерге назар аударған жөн: пациенттер күнделікті қандағы қант деңгейін, әсіресе инсулинге тәуелді ауру жағдайында бақылап отыруы керек; ораза кезінде сіз дәрумендерге, минералдарға және әртүрлі пайдалы заттарға бай пайдалы және дұрыс тамақтануыңыз керек; әсіресе күн батқаннан кейін майлар мен көмірсуларға бай тағамдарды көп жеу практикасынан аулақ болу өте маңызды; ораза ұстамайтын сағаттарда сұйықтықтың көбеюі қажет; күн шыққанға дейін, күндізгі оразаның басталуынан бірнеше сағат бұрын тамақтану керек;

дұрыс тамақтану ғана емес, салауатты өмір салтын ұстану өте маңызды. Темекі шегуге тыйым салынады, оның орнына спортпен шұғылдану керек; жаттығу кезінде артық салмақ түсірмеу керек, өйткені бұл қандағы қанттың күрт төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Денедегі глюкоза өте төмен деңгейге жеткенде, ораза ұстауды тоқтату керек екенін есте ұстаған жөн. Әсіресе, егер адам үнемі инсулинді (ұйқы үзінді гормоны) енгізуге мәжбүр болса, - дейді эндокринолог маман Еркеш Нұрбекқызы.

Француз биологы, ішкі ағзалар бойынша білікті дәрігер, Нобель сыйлығының лауреаты Алексис Каррель өзінің «Белгісіз адам» деген еңбегінде былай дейді: «Адамдар барлық ғасырда ораза тұтқан. Сондай-ақ барлық дін тамақ-судан тыйылып ауыз бекітуге шақырудан ешқашан тыйылған емес. Адам ауыз бекіткенде ең бірінші аштық, одан соң денеде әлсіздік сезінеді. Кейде осының әсерінен адам қобалжуы да мүмкін. Бұл сыртқы болып жатқан жағдайлар, бірақ ішкі организмде құбылыстар бұған қарағанда маңыздырақ. Осы сәтте бүйректен қант қимылдайды, онымен бірге терінің астында сақталған майлар да қимылдап ериді. Ішкі ағзалар мен жүрек бір қалыпты жұмыс істеуі үшін барлық организм өзіндегі сақталған қордан қажетті энергия жұмсай бастайды. Бұл – болмаша адам организмнің жақсы жұмыс істеуімен қамтамасыз етеді». Біздің де алып-қосарымыз жоқ.

А. ӘЛІМЖАНОВА

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ҮШ ТҮСІ

Бір күні Абылай үйінде жатып, бір түс көріпті. Сол түсін Бұқарекке жорытқан екен. Абылай-хан түсінде құбылаға қарай бара жатса, бір биік аспан зәулім бәйтерек көреді. Мидай далада сол бәйтерекке барса, түбінде бір жолбарыс жатыр екен. Ол жолбарыс Абылайды көре сала келіп алысады. Абылай да жолбарыспен алысып жүріп, қолындағы қанжарымен ішін жарып өлтіріпті. Оның ішінен бір қасқыр шыға келіп, ол тағы алысыпты. Абылай оны да жеңіп өлтіріпті. Оның ішінен бір түлкі шыға келіп, о да алысыпты. Оның ішінен бір қоян шыға келіпті. Ішін жарғанда оның ішінен бір күзен шыға келіп, о да алысты. Оның ішін жарып жіберсе, қоңыр шолақ тышқан шығады. Міне көрген түсі осы екен.



Бұқарекке келешек заманға және Абылайдың кейінгі ұрпақтарына келтіріп былай жорыпты:
– Бәйтерек көргенің – өзіңнің осы күндегі хандық бақытың. Өзіңнің жолбарыстай айбатың, хан, салтанатты уақытың. Өзіңнен туған бір балаң аюдай болып туып, өзіңнің хандық орнына тұрып, өзіңдей болып қалмаққа, жауға аюдай болып шабады екен. Онан туған балалар қасқырдай болады екен. Онан кейінгі адамдар түлкідей бірін-бірі алдап, арбап, сұм заманға ие болады екен. Онан кейінгі адамдарға бір қорқу, үрку, жебір, жесір тар уақыт болады екен. Одан кейінгілердің көрген уақыты бастарына келетін бір қоңыр шолақ тышқандай болып жүріп күн көретін уақыт болады екен. Заманның ақыры таяғанда адам баласына кездесетін уақыт күзен секілді болар. Аяғы тышқан болып, дүние сөйтіп таусылады-дәйі.

Бұқар түсін жорып айтқан соң Абылай бұл сөзіне құлақ қойып, сонан соң Самарқан шаһарына елші жіберіпті: «Ұрысым, соғысым жоқ. Әулиелерге зиярат қылғалы келдім. Осы жерден құрғаты қорқысып тұр екен. Мұнан бұрын қосыны қазақ болып он үш патша ол шаһарларды алған екен. «Қосыны қазақ болды дегенше, бұл дүние тар, сарттарға азап болды» дейді екен. Абылай ханнан бұл сөзді естіген соң Самарқан халқы қуанып, тарту, таралғы, сыймен келіп, ханды көріп көңілдері сондай тынды.

2. Абылай ханның түсі:
Абылай хан Самарқанд шаһарының бетіндегі Жұпар қорығына түсіп, алғаш қонған түні түс көріп, ертеңінде қасындағы түс жоритын қариясына жорытады.
– Түсімде шатырымның алдында бір жолбарыс келіп шөгіп жатып алды, бұл не қылған жолбарыс деп таң қалып қарап едім, әлгі жолбарысым аю болып кетті. Жаңа жолбарыс еді ғой, қалайша аю болып кетті деп екінші қарағанымда қасқыр болып, онан соң түлкі, ақырында қоян болып кетті. Осы көргендеріме таң қалып жатқанымда оянып кеттім, – деді. Сонда қария:
– Жолбарыс көрсен, басыңнан бақыт құсы ұшқаны, баяғыдан бері қайтпай жүріп, енді жасың жеткен шағыңда «Абылай хан сарттан өліпті» деген атқа ұшырамай қайта ғой. Жолбарыстың аю болғаны сенен соңғы балаларыңның заманы аю заманы болып, жұрт аюдай алысып өтеді. Қасқыр болғаны немерелерің заманында қасқырдай жұлысып өтер. Түлкі болғаны шөбереңнің заманында түлкіше жортып өтер. Қоян болғаны онан кейінгі заманда қорқып өтер, – деген екен.

3. Абылайдың өз түсін жоруы:
Абылай үйінде ме, не жорықта ма, әйтеуір бір түс көріпті (әркім әртүрлі айтады).
Түсінде бір қалың даманды отырып есіктен қараса, есік алдында бір үлкен көл бар екен. Оның құрақ, қамыстары жолсыз ыққа қарап жапырылып тұр екен. «Япырым-ай, мына көлдің қамысы желсіз неге жапырылып тұр?» деп, есікке шыға келсе, есіктің алдында бір арыстан қарсы қарап жатыр екен. Абылай сескеніп тұра қалыпты. Арыстан қарап секіретін түрге келіп, айбаттанып күшін жинапты да, өз бетімен жүре беріпті. Одан соң сол жерге қасқыр, түлкі, қоян келіп кідіріп, бәрі де көз алдында өз бетімен кетті. «Манағы құрақты көлім сор болды ма? Бұлақ болды ма? Шалшыққа айналды ма? Не болғанын қарауға өзім де жиреніп жатып оянып кеттім», – дейді.

Естушілер не деп жоруын білмей, жақсылыққа жоруға қисынын таба алмай, жамандыққа жоруға ханына бата алмай отырыпты. Сонда Абылай өзі былай деп жорыпты: – Менің көрген жыным, айдын шалқар көлім – ол мына менің көрген дәуірім, мына отырған сендерсіңдер. Ана жапырылып көрінген – менің қоғайдай жапырылып бас иіп тұрған халқым. Оның ақыры былай болды. Шіркін, халқым, дәуірің осындай болады екен ғой! Көрген арыстаным – ол дұшпаным. Қанша дұшпанымды қырат емсе де, әсер етпеді. Оның артындағы қасқыр, түлкі, қоян – олар менің кейінгі тұқымдарым болар. Олардың ақыры қоянға ұқсап, ел-жұрт қараудан да жиренетін болады екен ғой! – деп жорып, өзі қатты күйзелген екен. Сонда қасындағылар да: – «Түс – түлкінің боғы», жақсыға жорыңыз, түс көрушіден емес, жорушыдан, – деген екен.

SONG Ата-баба дәстүрді не үшін ұстады? Нені меңзеген? Мақсаты қандай? Ұрпақ санасына сіңіруге неге құлықты болды? Қазіргідей рухани жаңғыру мен жан-дүниені жаңарту ұлтқа не бермек? Үлкен тақырып.

Оны бір мақалаға сыйдыру мүмкін емес. Сондықтан әңгіме қиссасын ұлттың айнасы – қыз тәрбиесінен бастауды жөн көрдік.

Қыз – елдің болашағы, ердің арнамысы. Ұрпақ анасы. «Тілмен түйгенді, қолмен шеше алмайсың» деген. Тарихта талай дауды сөз тоқтата алмағанда, ананың ақ жаулығы тоқтатқан жайлар аз кездеспеген. Бақытты ана, асыл жар, ибалы келін болу – қыз баланың отбасында алған тәрбиесіне тығыз байланысты. Оған қазақ дәстүрі барынша мән берген. Айтайық, ұмытылып бара жатқан дәстүрдің бірі – шаш сипатар. Халқымызда қыз бен жігіт қазіргідей ашық кездесіп, мәмілелеспеген. Балағатқа толған қыз баланы атастырылған жігітпен жүздестіру үшін қыздың жеңгелері арнайы дастархан жайып, рәсім жасаған. Оған ауыл-аймақ, көрші-көлем жиналған. Ынтызар жігіт көптің көзінше ғашығының шашынан сипап, сағынышын басқан. Ашық түрде. Қыз баланың бірінші қорғаны – отбасы болса, одан кейінгісі – күйеуі. Осы екі қоршау ішіндегі қыз бала өмірі қауіпсіз әрі уайым-қайғысыз өткен. Қазақтың қыз балаға қатысты мына бір дәстүрі – қол ұстатар деп аталады. Бұл да жанұялық өмірге аяқ басып, тұрмыс құрғалы тұрған қызға жасалатын ерекше рәсім. «Он үште – отау иесі» деп, отбасы құндылығын ұрпақ жадына сіңірді мұрат еткен ұлтымыз қызды жанұя дағдысына бейімдеген. Ұлтымыз қашан да қызды мәртебе, байлық санаған.

Басқа халық секілді қазақ та көктемді алғаш көрген жыл құсының атымен байланыстырады. Құс дегенде, қазақ санасында қарлығаш пен қарғаның киелі құс болып саналатындығын білеміз. Сөз киелілікке келсе – бүркіт, аққу, қаз, қырғауыл, қарқара секілді құстар тізімі де шет қалмайды. Ал, көшпелілер өмірінде саңырау көкек, сасық көкек, бәбісек көкек деген түрлі атау алған көкек құсы аса мәртебеге ие емес.

Ел іші оларды «ұшқалақ, тасбауыр, жұмыртқасын жат ұяға салады» деп саралайды. Қолынан ұя салу келмейтін, баласын басқаның бауырына салып беретін көкектің осы мінезіне қарап, «көкек ана» деген тіркес те қалыптасып кеткен. Сонымен бірге «көкек өз атын өзі шақырады» деген тағы бар. Өз басымы осы екі сөзді де қостамаймын. Неге екенін сөзден кейін айтамын.

Түркі тілдес халықтар арасында көбіне жыл құсы ретінде қарғаны есепке алатыны анық байқалады. Ендеше не себепті қазақтың көрікұлақ есепшілері жыл басын «көкек айы» деп атайды? Мүмкін, қарғадан бұрын жылдың беташары болып қанатын қағатын сол сасық, бәбісек деп атау берген көкегіміз шығар.

«Қарға – Тәңірінің елшісі» деген тәмсілге қарасақ, көктемнің келгенін алғаш жеткізетін жыл құсы – осы ұзақ қарға. Көкектің көктемде келіп-кеткендігін де біреу байқап, біреу байқамай қалады. Есепшілер «көкек» айының атауын осы көкек құсымен байланыстыратын болса, екіншіден «көк» сөзімен де ұштастырады. Бірақ, көкек құсын көп жерде місе тұта бермейтін түркілер әлемі бұл ұстанымның қытайлардан жұққандығын да айтып дауласады дейді ұлы даланың бейнесін беске айтып жүрген білімдар жас Ұларбек Дәлейұлы.

Мұның себебі де жоқ емес. Сол қытайлар ерте көктемде алғаш болып үн шығаратын көкек деп есептейді-міс. Тіпті, Ұларбек өз жазбасында осыдан бірнеше жыл бұрын қытайлық қандас бауырымыздың қазақ жеріне келіп «Көкегім» деп ән айтқанын еске салыпты. Өннің айтылуынан да қытайға тән бір ырғақ сезіліпті. Қазақ сияқты «қарғам-ау» деудің орнына, қытайша «көкегім» деп өміреніп тұрғаны қызық екен.

Ал, енді ел аузында қалыптасып қалған әлгі екі сөздің жөніне ой жіберейік. Көкек құстың балапанын өзге ұяға апарып тастайтыны рас. Ол балапанын өзі басып шығармайды. Байғұс құсым-ай, сені қалай ақтап алсам екен?

БҰРЫМДЫҢЫҢ ҚАДІРІН ӘР АЗАМАТ БІЛСЕ ЕКЕН...



Төбесіне үкі тағып, төріне шығарған. Жар таңдауда қыз да, жігіт те сақтық сақтаған. «Қол ұстатар» дәстүрі де жариялы түрде жасалған. Күйеу болашақ жарына көдесін жасап, қолын ұстауға рұқсат алған. Бұрын сырттан көретін нәзік жанының қолын бірінші рет ұстау – ол үшін бақыт саналған. Неге? Бұған жан, жар тазалығы, адам алақанындағы жылылық сезімі сеп. Алла пендесіне жылуды жүрекпен қоса, алақанға да берген. Соны сақтай, қадірлей білген қазақ анасы дүниеге алып ұлдар өкелген. Тектілікті бұзбаған. Қолын әркімдер бір ұстап, шашын әркімдер бір сипап кететін қылықсыз қыздың болашағы бұлыңғыр, келешегі күңгірт. Көкек ана көктен түспейді. Оған біртіндеп айналады. Дәстүрден ажыраған, салттан саңылауы сәулесі жоқ жанның көкекке айналып шыға келуі қазір-ақ. Міне,

ұлттық дәстүрдің бізге берер сыйы. Аталарымыз не үшін «Қызға – қырық үйден тыйым» салды. Не үшін Жібек қыздың орамалын бес жүз жорғаға бағалады. Екі жеміс ағашы бар. Бірі – қоршаудың сыртында да, бірі – ішінде. Сыртында пісіп тұрған жемісті кім көрінген жеп кете берсе, биік қорғанның ішіндегі жемісті алуға ешкімнің жүрегі дауаламайды екен. Қыз бала да сол секілді. Ер азамат қазақтың әр қаракөзіне өзінің анасындай, қарындасындай, әпкесіндей қараса, абыройымыз төгіліп, намысымыз тапталмас еді. Сұлу да сымбатты қыздарымыз қайдағы шетелдіктің құшағында кетпес еді. Қазақ деген ұлы халықтың қасиетін кетірмес еді. Қазақтың әр азаматы, қызға қамқор бола біліңіздерші.

Лаура ДАРХАНОВА

КӨКҚҰТ КӨЗІН АШТЫ, КӨКЕК ҚАНАТЫН ЖАЗДЫ



Біріншіден, орнитологтар көкектің жаратылысы балапан басуға қабілетсіз екенін айтады. Егер ол балапан басуға отырса, онда алғашқы балапаны жарыққа шыққанда соңғысы әлі жұмыртқа күйінде жатады екен. Себебі, көкектің жұмыртқаны тез шайқап шығаруға денеден бөлінетін жылуы тапшы. Сондықтан, бір балапанын шығарам деп жүргенде жетілген екінші балапанның жұмыртқа ішінде өліп қалуы өбден мүмкін. Олай болса біз құйттай құстың бойынан Жаратушы бермеген қасиетті неге іздеуіміз керек. Егер құстар адамға «біз сияқты неге ұшпайсыңдар» деп кінә тақса қисынды болар ма еді?

Екіншіден, аталық көкек балапанына өш келеді дейді. Тіпті, ол тұқымын жұмыртқа күйінде жарып тастаудан тайсалмайды. Аналық көкектің шыр-пыр болып өз жұмырқасын өзге ұяға тасуына себеп болатын жағдайдың бірі сол болса керек. Нағыз аналық махаббат осы емес пе?

... Жетімсіреп жем іздеп балапанға, Жалғыз көкек жүретін жаға талда. Әлдекімді жоқтайтын күн батарда, Әлдекімді жоқтайтын таң атарда. Мұқағали ақынның осы бір шумағында біз сезінбеген бір мұң бар. Мүмкін сол бір сорлы құс басқа ұяда қалған балапанын іздейтін шығар. Байыбына бармай байбалам салған адамдардың «көкек ана» деген сөзін қайтып алғаны дұрыс-ау. Ал, Алла

сана берген, сан түрлі нығымет берген адам баласының іштен шыққан бейкүнә нәрестесін лақтырып кетуі лағынет дегенге ғана лайық.

Екінші мәселе, көкек өз атын шақыра ма? «Кук-кук!» деп барынан хабар беріп тұрған құйттай жаратылысқа қапелімде ат таппай, өз даусын өзіне ат қылып бере салған осы біз, адамдар емес пе екенбіз? Ендеше, оны «өз атын шақырады» деп ғайбаттап жүргенімізге жол болсын.

Көкек айы, яғни көкек құстың көк кезіп келген мезгілі көктемнің күшіне мініп, көңілдің құшына түлеп, табиғаттың байбатуы түс көріп оянған қыздай балбыраған шағы.

Жазда аптаптан, күзде қара желден, қыста бораннан шаршаған шаруа бұл мезгілге жеткенше асыққан. Осы бір шақ қиялға ғана сиятын ғажайыбындай. Баяғыда үлкен кісілерден қымбат бір затты сұрай қалсақ, «көкек айында көресің» дейтін. Оның мәнісі көкек айының сағытып жетегінінде жатқанын қайдан білейік?

Міне, сол сағытқан көкек айы келді! Па, шіркін, қызға төсеген парсылық кілемдей көкқұт қауызы гүл ашқалы қашан?!

Кеше мен оны көрдім, түймедей көзінен жерге жаухар төгіліп жатқандай. Қанатын қандай шебер тарап қойды екен, жемсауы баланың еңбегінде лүп-лүп етеді, сүйкімді өзі.

Көкекқұстуралы жақсы ойлаңыздаршы...
Д.АЯШ

◆ PAIYM

АС ҚАДІРІ

Біздің заманға дейін V ғасырда өмір сүрген әйгілі Геродот сол дәуірдің өзінде көшпенді скифтердің бие сүтінен шипалы қымыз жасайтынын тамсана жазған. Ал, атақты жиһангез Марко Поло, Плато, Плато, Плато, Рашид-ад-дин бұл елдің малының көп болатынын, одан түрлі әшекейлер мен киім-кешек, тұрмыстық бұйым жасап шығаратынын баяндаса, орыс ғалымдарының тарихи жазбаларынан мал еті мен сүтін өндіріп қана қоймай, терісі, өті, басқа да ағзасын халық медицинасына кеңінен пайдаланатыны туралы мәліметтер кезіктіреміз. Бұдан аңғаратынымыз – қазақ халқының ықылым заманнан бері денсаулыққа жіті мән беріп, оған жауаппен қарайтыны. Себебі, ата-бабамыз басты байлықтың – адамзат баласының не ішіп-жегеніне байланысты болатынын жақсы білген.



суретінің бейнеленуі – сөзімізді дәлелдей түссе керек. Ыстық, аптапты күнде шалап кімнің болса да шөлін қандырады. Аталарымыз айранға су құйып, шайқап шалап етіп ішкен. Ұйған айранға бидай, арпа, күріш, тары қатып ішу де ежелден бар дәстүр. Асқағанға тез қорытылатын мұндай айран қатылған көже бүгінгі күні де жеңіл тағам ретінде тұтынылады. Сүт тағамы арасында – уыздың орны айрықша. Халқымызда ағайын-туысын, көрші-көленін уыз көжеге шақыру салты жақсы сақталған. Уыздың құрамы дәруменге бай. Дәруменге бай келесі сусын – қымыз. Ол қазақ халқы үшін аса құрметті ас. Дертіне дауа, еміне шипа іздегендер – емін осы сусыннан табады. Өкпе, жөтел, асқазан, ішек, жүрек ауруына бірден-бір ем. Қымыз немесе жаңа сауылған бие сүтімен еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін емделеді. Жыр жампозы Жамбыл: «Үйірілген сары алтындай сары қымыз, ауруға – ем, сауға – қуат, дәрі қымыз» деп әспеттеген. Жылқы етінің де, сүтінің де емдік қасиеті мол. Қымыздың денсаулыққа пайдасы

– оның құрамындағы минералдар, ферменттер мен түрлі дәруменмен байытылғандығы. Көмірсутек, көмір қышқылы ағзаны сауықтырып, қан айналымын жақсартады. Қымыз – жүйке жүйесі сыр берген, ыстығы көтерілген, әлсіреп-қажыған науқасқа да шипа. Шикі қазыны кымызға шайқап, араластырып ауыр кеселді жазған. Бие сүті – ана сүтіне ұқсас. Қазақы болмысты жылқыға ұқсатқан. Сондықтан болар «Жылқы мінезді қазақ» деген сөз тіркесі құлағамызға сіңіп кеткен. Қазекем жылқы етін де сүйсініп жейді. Кәделі қонаққа жылқының жал-жаясын, қазы-қартасын қояды. Шындығына келгенде, жылқының етін қыста жеу тиімді. Салқын мезгілде тұтынған жылқы еті адамға күш-қуат береді. Денені қыздырып, қыстың суығынан қорғайды. Соңғы ғылыми жетістік – жылқы майының басқа түлік майына қарағанда құрамында май қышқылы түрінің тепе-тең болуымен жұғымдырақ. Тағы бір құпиясы – құрамындағы қанықпаған май қышқылының көптігінде. Қайсыбір қазақ отбасының ас мәзірі – ет тағамынсыз жасалмайды.

«Бесбармақ», «бешбармақ» деген сөз намысқа тиеді. «Қолмен жейтін болған соң – осылай аталып жүр» – дейді кей замандас. Қазақтың бас тағамын бармаққа теңеу – жеңіл ойдың жемісі емес пе? Қазақ қазақ болғалы қара қазаны оттан түскен емес. Питербургтың эрмитажында қанша жыл тұрып, тәуелсіздіктің алғашқы жылында тай қазанымыз Түркістанға қайтарылғанда күллі қазақтың қуанып, шашу шашқаны әлі есте. Қазан – тағам пісіретін ыдыс қана емес, иісі қазақтың ырысы, несібесі, берекесі, құты. Қарап отырсақ, Қазан төңкерісіне дейін қазақ даласында тағамның 200-ге жуық түрі болған. Өкінішке орай, қилы тағдыр тауқыметін басынан өткізген ұлтымыз – ұлттық тағамынан да айрылып қалды. Көшпенді халық еттің жайын өзгелерден әлдеқайда жақсы жасаған. Сүрлеу, кептіру, ыстауды ойлап тапқан. Етті қатты немесе аз қайнатуға болмайды. Етке салатын қамырдың да иі қануы керек. Онсыз ет иіссіз, дәмсіз болады. Қазір келіндер дүкеннің дайын салмасын алуға құмар. Дегенмен, қолдан жайған қамыр мен дайын салманың айырмасы жер мен көктей. Иі қанып, жайылып, иленген қамыр еттің дәмін келтіріп, сорпасын құнарлы ете түсетіні рас. Қазақ халқының тағы бір сүйікті асы – қуырдақ. Ол әр өңірде әртүрлі даярланады. Оны негізінен алыстан ат арытып, қонақ келгенде дайындайды. Келген қонақ асты көп күтпесін, ашығып қалмасын деп тез жайғауға тырысқан. Қазақ асханасында етті қулап пісіреді. Жаңа сойылған қой етінің қарны тазартылып, аршылып ішіне кесек-кесек ет толтырылады. Етке тұз, бұрыш қосылады да шұқырға тасталады. Үсті топырақпен көміліп, от жағылады. Оттың қызуымен қарындағы ет өз буына піседі. Бұл – ет пірудің көнеден келе жатқан тәсілі.

Табиғатпен емделу – уақыт өткен сайын салттан қалып барады. Қазір тауға, тоғайға барып бүлдірген, долана, қарақат теріп жүрген адамды көрмейсіз. Еттің өзі даланың малы емес, төрт қабырғада бордақыланған малдың етін тұтынуға мәжбүр. Адам – табиғаттың айнымас бөлшегі. Оның бар тыныс-тіршілігі, тұрмысы – табиғатпен байланысты. Бүгінгідей, экологиялық мәселесі бар ортада табиғи таза өнім тұтынғанға ештеңе жетпейді. «Ауру – астан», – деген көнекөз қарияларлар сөзіне құлақ түретін уақыт жетті. Жалпы қазақ дастарханына тең келетін дастархан жоқ әлемде. Қымыз, шұбат, жылқы, балық еті және құрамы бұзылмайтын құрт, ірімшік, сүзбе-майы қазақ та ғана бар.

Д.ҚАЛЫМБЕТ

TÖTENŞELIKTER HABARLAIDY

ОСТАРОЖНО, ПАВОДКИ!

В регионе начинается период весеннего половодья (подъем воды от таяния снега и вскрытия рек), которое гидрологи прогнозируют заранее. В период половодья (март-май) вода, как правило, поднимается надолго.

Большинство наводнений удаётся прогнозировать и, тем самым, уменьшить потери. Сложнее прогнозировать паводок – резкий и непостоянный подъём воды из-за ливневых осадков. Паводкоопасный период длится дольше половодья, подтопления местности возможны на протяжении всего сезона дождей с апреля по сентябрь.

Несмотря на все меры, принимаемые исполнительными органами и службами гражданской защиты, каждый человек сам отвечает за свою жизнь и безопасность на водных объектах.

Люди, живущие вдоль берегов рек и в местности, попадающей в зону подтопления, должны знать и всегда помнить, если ваш дом попадает в зону возможного подтопления, то вам предстоит эвакуироваться (временно покинуть дом). При получении прогноза о наводнении Вам необходимо: отключить газ, воду и электричество; погасить огонь в печах; перенести на верхние этажи (чердаки) ценные предметы и вещи; подготовить тёплую удобную одежду, сапоги, одеяла, деньги и ценности; собрать трёхдневный запас питания; подготовить аптечку первой помощи и лекарства, которыми вы обычно пользуетесь; завернуть в непромокаемый пакет паспорт и другие документы; всегда иметь под рукой номер телефона единой дежурно-диспетчерской службы (ЕДДС).

Помните, что от умения правильно действовать в условиях чрезвычайной ситуации и умения правильно использовать полученную информацию зависит Ваша жизнь и жизнь Ваших близких. В случае возникновения чрезвычайной ситуации звоните по телефонам: «01», «101» или «112».

Абылай НАЙЗАБЕКОВ, начальник ОЧС Ескелдинского района

ПУСТЬ КАЖДЫЙ ЗНАЕТ

Нет нужды убеждать человека в том какой непоправимый ущерб может причинить пожар. Много говоря он приносит тем, кто небрежен с огнем, кто недооценивает последствия и не задумывается о пустяке даже незначительных на первый взгляд нарушениях пожарных правил.

Один оставил в квартире зажженную печь без присмотра. «Не беда, - думает, - протопится и потухнет». Другой уходя на работу, не выключил электрокамин. «Так он и предназначен для обогрева», - рассуждает домовладелец. У третьих дети в квартире остались одни. «Так сними бабушка», - успокаивают себя беспечные.

К сожалению, подобные оправдания приходится слышать довольно часто. Результат такого легкомыслия в обращении с огнем всегда один – губительный пожар уничтожает вещи, а нередко и жилые постройки.

Наибольшее число происшествий с огнем приходится на отопительный период, то есть в те месяцы, когда для обогрева жилых помещений интенсивно используются печи и электронагревательные приборы.

Малейшая их неисправность, нарушение или несоблюдение правил пожарной безопасности может закончиться бедой.

С наступлением холодной погоды количество пожаров и загораний в жилых домах резко возрастает. Это вызвано, прежде всего, тем что многие домовладельцы не соблюдают режим топки, чтобы до вечера жару хватило. В результате перекала стенки топливников, обогревателей и труб растрескиваются, что и служит причиной пожара. Еще опаснее, когда для растопки печи используется солярка, бензин, керосин. Это неизбежно ведет к тяжелым последствиям.

Опрометчиво поступают и те домовладельцы, которые не заботятся о своевременной очистке дымовых труб от скопившейся золы. А это нередко приводит не только к пожаром, но и к отравлению угарным газом. Некоторые домохозяйки вблизи печей сушат дрова, белье, обувь, что приводит к их загоранию. Обязательное соблюдение мер предосторожности – надежная гарантия того, что в ваш дом не придет беда.

А.НАЙЗАБЕКОВ, начальник ОЧС Ескелдинского района

◆ TÄMSIL

ЕР БАҚЫТЫ



Өмірде бір бай кісі болыпты. Ол бұл дүниеде қолы жеткен нығыметтерінің баршасына риза болса да, қалап алған жарына көңілі толмапты. Әйелінің мінезі, жүріс-тұрысы, қонақ күтімі, сөзі мен күлкіді де оның қолайына жақпапты.

Бір күні ол данагөй қарттың алдына келіп жүгініпті. Сөзді мұқият тыңдаған дана:

– Ол қызды өзің қалап алдың ба, әрі оның қыз күніндегі мінез-құлқын білесің бе? – деп сұрапты. Сонда әлгі кісі:

– Иә, өзім сүйіп қосылдым. Қыз күнінде өте сыпайы, салихалы жан еді, кейін өзгеріп

кетті. «Қыз күнінде қыздың бәрі жақсы, жаман әйел қайдан шығады?»-дегендейін, соның сырын өзім де білмей басым қатты, – депті. Сонда әлгі дана қарт:

– Балам, Алла тағала адамға ұрпақ сыйлайды, кімге қаласа ұл, кімге қаласа қыз, кімге қаласа екеуін де береді. Ал жаман әйел немесе жаман еркекті адамдардың өздері жасап алады. Әйеліңіз «сүйкімсіз» жанға айналуына сенің өзің кінәлісің. Есіңде болсын әр әйел өзінше бір әлем. Ол әлемді өзіңнің әлеміңдей етемін деп күшке салсаң, оның қалыптасқан жүйесін бүлдіресің. Ал бұзылған жүйеден бір кездегі

кереметтерді қайтадан күту әбестік болар, – депті. Сөздің мәнісін түсінген әлгі адам сана таразысына салып, өзінің әйелі алдындағы жауапкершілігін әділ әрі толық өтей алмағаны үшін әйелін өзіне қарсы қойып алғанын, соның нәтижесінде оның «сүйкімсіз» жанға айналып кеткенін ұғып: «Жақсы жерге келген келін – келін, жаман жерге түскен келін – келсап»-деген халық даналығының мәніне бойлап, іштей қатты өкініпті. Кетерінде дана ақсақалдан:

– Енді не істесем оң болар еді? – деп кеңес сұрапты. Сонда данышпан:

– Балам, еркек кіндіктің қашанда есінде жүретін бір ережесі бар. Соны ұмытпасаң алдағы күндерінде әйелің көзіңе «сүйкімді» бола бастайды. Қыз деген нәзік үміт пен аяулы сезіммен ғұмыр кешетін нәзік жаратылыс. Олардың жасы қаншаға келсе де, жүректерінде сол бір үлбіреген нәзік сезім мен ер адамға деген қалтқысыз сенімнен құралған бала күнгі бейнесі орнығып қалады. Жүректеріндегі сол «кішкентай қыз» ол ақсамайлы өже болса да, сол балғын, пәк күйінде қала береді. Талғамсыз еркектер әйел жүрегіндегі сол «кішкентай қыздың» бейнесін көре алмай, пұшайман болып өтеді. Әйеліңіз ханышайым болса да, отбасы, ошақ қасындағы күлді-көмеш шаруа әйелі болса да, олардың жүрегінде мәңгілік қартаймайтын қыз бейнесі барын ұмытпаңыз. Талғампаз болсаңыз сол бейнені көре аласыз, көре білсеңіз әйеліңізді мәңгі сүйіп өтесіз. Әйелді аяласаңыз өміріңіздің қалай нұрға бөленгенін байқамай қалатын нағыз бақытты еркекке айналасыз. Еркек бақытының ережесі осы, –депті сабырлы үнімен.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГКП на ПХВ «Ескелді су құбыры» акимата Ескельдинского района объявляет, что 12 апреля 2022 года время 10:00 будет проведено публичные слушания по итогам финансового хозяйственной деятельности за 2021 года.

Публичные слушания проводятся по адресу: п.Карабулак, ул.Сатпаева 64, здании ГКП на ПХВ «Ескелды су кубыры».

◆ PROFILAKTIKA

Вот и пришла весна! Приближается сезон пикников, дачных хлопот и охоты. Но радость от пребывания на природе может омрачиться такими неприятными и даже опасными моментами, как нападение клещей. Почему клещи опасны? И что необходимо знать о них.

Клещи – это мелкие паукообразные. Они очень малы по своим размерам и их обычно бывает трудно заметить до тех пор, пока они не насытятся кровью. Но тогда бывает уже поздно. Попадая на тело человека, клещ не сразу впивается в его кожу, а долго ползает, отыскивая наиболее нежные места (где тонкая кожа). Чаще всего он впивается в области паха, подмышками, на шею, в области ключиц, на животе и спине. Укус его совершенно нечувствителен, т. к. в слюне клеща содержится обезболивающее вещество.

В отличие от комаров, которые, насосавшись крови, сразу же улетают, клещи присасываются на три-четыре дня. От выпитой крови клещи сильно раздуваются, увеличиваясь в размерах в три-четыре раза, и только потом отпадают.

Наиболее опасен клещ в весенне-летний период, в августе опасность заражения резко снижается, а в сентябре-октябре практически сходит на нет. Наиболее активны клещи утром и вечером, любят затененные влажные места с густым подлеском. На светлых местах их обычно не бывает. Клещи любят находиться вблизи троп, по которым ходят животные (в том числе и мыши). Любят места, где пасется скот, различные вырубки и глухие места. В жару или дождь клещи прячутся и не нападают. Не забывайте о том, что клещи ползут снизу вверх. Они подстерегают свою «добычу» среди растительности нижнего яруса леса (обычно высотой не более 1 м). В высокой траве клещи имеют лучшую защиту от солнечных лучей и больше шансов для нападения. Из болезней, которые переносят клещи, наиболее известны клещевой энцефалит, геморрагическая лихорадка и болезнь Лайма или боррелиоз. Клещевой энцефалит - это природно-

ОСТОРОЖНО, КЛЕЩИ!

-очаговое вирусное заболевание, протекающее с поражением головного и спинного мозга, проявляющееся сильными головными болями, высокой температурой, тошнотой, рвотой, судорогами. Тяжелое течение заболевания может привести к инвалидизации, а иногда и к смертельному исходу.

Меры профилактики общеизвестны, их надо только не лениться выполнять: отдыхайте с ребенком в местах, где проводят расчистку территории и противоклещевую обработку; если же вы гуляете в лесу, следите, чтобы одежда на ребенке плотно прилегала к телу, на голову лучше повязать платок; чаще, чем взрослых, осматривайте

большой ассортимент продается в аптеках и магазинах, выбирайте те, что разрешены для применения у детей; после прогулки в лесу или в парке вычесывайте шерсть домашнего любимца.

Если все же произошло присасывание клеща не позднее трех дней обязательно необходимо обратиться в лечебное учреждение в вашем населенном пункте, для получения противоклещевого иммуноглобулина. Клещевой энцефалит может передаваться с козьим молоком, обязательно надо кипятить молоко, причем коровье молоко безопасно. Лучшую защиту против клещевого энцефалита дает прививка, государство выделяет средства для иммунизации отдельных групп населения, в том числе



ребенка, помните, что кожа у ребенка тоньше, и клещу легче найти удобное место для присасывания, чем у взрослого человека; в лесу не ложитесь на траву, выбирайте место без растительности; обрабатывайте одежду противоклещевыми препаратами, их

и детского, поэтому не отказывайтесь от прививок, это избавит вас от многих неприятностей и тревог за здоровье вас и вашего ребенка.

Е. СЕЙСЕМБИНОВ,
руководитель районного управления санитарно-эпидемиологического контроля

◆ TARAZY

ЖОЛ САПАСЫН АРТТЫРУ БАСТЫ НЫСАНАДА

Асфальт жолдардың сапасы мен ұзақ мерзімге шыдамдылығы жаңашыл технологиялар мен жол жабыны жасалатын материалдарға байланысты. Атап айтқанда, битумның қышқыл жыныстардың минералдық толтырғышымен нашар байланысы - жолдың мерзімінен бұрын бұзылуының негізгі себептерінің бірі.

Қазақстанда және шетелдерде жолдарды пайдалану барысында минералдық материалға су тигенде қиыршық тас дәндерін тез ылғалдандырып, битум жабынын (пленкасын) аршып тастайтыны анықталды. Ал байланыстырғыштың бөлінуі адгезия беріктігінің жеткіліксіздігіне байланысты болады.

2021 жылы шілдеде ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы жолдардың жоғары сапасын қамтамасыз ету қажеттігіне назар аударды. Осыған байланысты ҚазжолҒЗИ-де жол төсемін дайындаудың жаңа технологияларын зерделеуге бағытталған бағдарлама іске асырылуда. Соның аясында битумды байланыстырғыштың түрлі температурада минералдық материалдармен үйлесімін бағалау бойынша дизлектрлік өткізгіштігін анықтау әдісімен сынақтар жүргізіледі. Сондай-ақ, институт зертханаларында BBR, DSR және PAV құрылғыларындағы Суперпейв жүйесімен түрлі жабысқақ қоспалардың битумдардың тозуына қаншалықты әсер ететіні анықталады.

Пайдаланылған әдістерді талдау түрлі температурада байланыстырғыштардың тас материалдарына адгезия мөлшерін бағалауға және тың деректер алуға мүмкіндік береді. Оларды жабысқақ көрсеткіші жоғары байланыстырғыштар құрамын және берік асфальт-бетон қоспаларын жасауға пайдалануға болады.

Сонымен қатар, зерттеу барысында түрлі жыныстағы минералдық материалдарға химиялық және құрылымдық талдау жүргізілді. Пайдаланылатын тас материалы морфологиясының битуммен байланыс әсері анықталады. Минералдық материалдардың химиялық құрамының деректеріне сүйене отырып, олардың қандай да бір жол технологияларына қолданылуына баға беріледі.

Зерттеу нәтижелері түрлі климаттық жағдайда асфальт-бетон жабынының оңтайлы компоненттерін (байланыстырғыш, жабысқақ қоспалар және тас материалдары) таңдауға және сол арқылы жолдардың қызмет ету мерзімін 3 жылға арттыруға, сондай-ақ оларды күтіп ұстау кететін шығынды 15%-ға азайтуға мүмкіндік береді.

◆ TYNYS

КЕЛЕЛІ ТАҚЫРЫП ҚАУЗАЛДЫ

Жуырда Қарабұлақ ауылдық округ әкімшілігінде аудандық «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлімі» басшысы А.Бейсбаев, жұмыспен қамту орталығының директоры К.Кудьяров, және Қарабұлақ ауылдық округ әкімінің орынбасары С.Оналбаевтың қатысуымен мемлекеттік бағдарламалар, жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту бойынша «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» бағдарламасын іске асыру мақсатын түсіндіру бағытында жиын өтті. Келелі тақырып қаузалған жиында ауыл тұрғындары тарапынан қойылған сұрақтарға барынша түсіндіріле жауап берілді.

А. БЕЙСБАЕВ,
«Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлімі» басшысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ескелді ауданы бойынша 2020-2021 жылдар аралығында жер ревизия жұмыстары жүргізілуіне байланысты Алдабергенов ауылдық округі бойынша иесіз бос жатқан жер телімдерін ҚР «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабының 1-тармағы 6-тармақшасына, 35-бабының 1-3-тармағы 13-тармақшасына сәйкес, ҚР азаматтық кодекстің 242-бабының 1-тармағына сәйкес төменде көрсетілген жер телімдері иесіз болып табылады. Аталған жер телімдерінің меншік құқығы жеке және заңды тұлғалар болған жағдайда Алдабергенов ауылы, Ленин көшесі № 25 мекенжайында орналасқан Алдабергенов ауылдық округінің әкімдігіне немесе 8(72836)28619, 8(72836)28576 телефондарына хабарласыңыздар.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В соответствии с пунктом 6 пункта 1 статьи 35, подпунктом 13 пункта 1 статьи 35 Закона РК «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», в связи с проведением ревизии земель по Ескельдинскому району в период с 2020 по 2021 годы, в соответствии с пунктом 1 статьи 242 Гражданского кодекса РК, следующие земельные участки являются бесхозяйными. В случае если право собственности на указанные земельные участки имеют физические и юридические лица, обращайтесь в акимат Алдабергеновского сельского округа по адресу: с. Алдабергеново, ул. Ленина, № 25 или по телефону 8(72836)28619, 8(72836)28576.

◆ ILKIM

ӨЗ ЖҰМЫСЫН ҚАЙТА ЖАНДАНДЫРДЫ



Азаматтардың өтініштерін жедел түрде қабылдау және олар бойынша шешім қабылдауды қамтамасыз ету мақсатында Алматы облысының «Antikor ortalygu» қызмет көрсету орталығы өз қызметін қайта жандандырды.

Облыстың барлық тұрғындары бүгінгі күннен бастап және тұрақты негізде «Antikor ortalygu» орталығына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша жүгіне алады, онда Департамент қызметкерлерінен заңды кеңес ала алатын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және құқықтық формалар бойынша түсіндіретін «open-space» форматындағы арнайы кабинеттер орналасқан.

«Antikor ortalygu»-ның негізгі мақсаты азаматтарды кедергісіз қабылдау үшін қолайлы жағдай жасау және жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, еркіндігін және заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

«Antikor ortalygu» сервис орталығының жанында әлеуметтік желілерде Департаменттің Facebook және Instagram (@anticorruption.almatyoblysy) парақшалары, сондай-ақ 1424 Call-center-i бар, оларға Сіз өзіңізді қызықтыратын сұрақтар бойынша хабарласа аласыз.

Азаматтарды қабылдау Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлерімен жұмыс күндері сағат 09.00-ден 17.00 аралығында, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін, Алматы облысы бойынша, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі 36/42 мекенжайы бойынша жүзеге асырылады.

◆ ÖRIS

ЖАДЫҢЫЗДА ҰСТАҢЫЗ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 31-тамыздағы «Кедейшілік шегінің мөлшерін айқындау туралы» №290 бұйрығына өзгеріс енгізілуіне байланысты, 2018 жылғы 1-қантардан бастап – атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін жүгінген тоқсанның алдыңғы тоқсанға, есептелген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызы мөлшерінде, егер көрсетілген кезең үшін жергілікті атқарушы органдар (ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің есебінен) есептеген ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы бекітілген ең төменгі күнкөріс деңгей мөлшерінен төмен күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен болмайтын мөлшерде айқындалады.

Осыған сәйкес, Алматы облысы бойынша 2022 жылдың I тоқсанына кедейлік шегінің мөлшері 27820 теңгені (39743 x 70%), құрайды.

2022 жылдың I тоқсанына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау кезінде аталған көрсеткіштермен есептеу керегін хабарлаймыз.

К. КУДЬЯРОВ,
адандық халықты жұмыспен қамту орталығының директоры

◆ TITIK

ТЫҢ БАСТАМА ТЫНДЫРЫМДЫ ТІРЛІККЕ БАСТАЙДЫ

Үстіміздегі жылдың 30 наурызында Алматы облысының әкімдігінде №4 үлгілік базалық бағыттағы «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» (ҮББ-4) жобаларының таныстырылымы өтті.

Кеңеске облыстық басқармалардың басшылары, ҮББ-4 жобалар тобының жетекшісі З.Құсайынова, ҮББ-4 менеджерлері, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссар және Алматы облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің превенция басқармасының басшысы А.Садықов қатысты.

Кеңес барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссары – Алматы облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің алдын алу басқармасы басшысының орынбасары М.Коваленко жобалық басқарудың негіздері, оның артықшылықтары, құқықтық негізі туралы айтып, «сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» №4 үлгілік базалық бағыты» жобасын таныстырды.

Сондай-ақ, кеңеске қатысушылардың назарын «сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» №4 үлгілік базалық бағытын іске асырудың өзектілігіне, жоба шеңберінде қойылған міндеттерді сапалы орындауды қамтамасыз ету қажеттілігіне аударды. Жоба менеджерлері ҮББ-4 іске асыру аясында жүргізілген жұмыстар туралы есеп берді.

Бұл бағыттағы жұмыс облыс әкімдігі мен Алматы облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаменті басшылығының ерекше бақылауында болады.

ҚҰНЫ БІР ҚАНА?

Бір күні бір жас жігіт данышпан ақсақалға келіп:

– Мен өмірден шаршадым. Айналамдағы кісілердің бәрі кемсітіп, өмірде жолым болмайтынын, ешкімге керегім жоқ екенін айтып бетіме басады. Қайда барсам да ешкімге керегім жоқ бір бейшара халге түстім, өмірден шаршадым, маған ақылыңызды айтып, көмегіңізді беріңіз, – депті.

Сонда әлгі данышпан:

– Менің қазір уақытым жоқ еді, бір тығыз шаруаларым бар, – деп біраз ойланyp тұрып: – бірақ бір жұмысыма көмектессең, мен де саған бір көмегімді берейін, – депті.

– Әрине, көмектесемін, – деп жігіт келісіпті, өзін тағы да кемсітіп жатқандай сезініп.

– Жарайды, – деп данышпан өзінің сол қолындағы саусағының бірінен әдемі тасы бар жүзігін шешіп алып:

– Қазір атқа қонып, тезірек базарға барып, мына жүзікті сатып, ақшасын алып келші, тезірек бір қарызымды өтеуім керек. Қымбат ақыға сат, бірақ бір алтыннан кем ақыға келіспе. Тезірек барып кел, – депті.

Жас жігіт жүзікті алып, атқа мініп, базарға қарай асығыс жөнелді. Жеткеннен соң, бірден жүзікті саудагерлерге ұсына бастады. Алғашында саудагерлер қызығып, қарай бергені сол еді, бірақ жігіттің бағасын естіп, жүзікке деген қызығушылықтары сөнгендей болды. Кейберуі артқа айналып кетсе, кейбіреулері түкке тұрмайтын жүзікке алтын сұрағанына мазақтап күле бастады. Араларында бір қарт кісі келіп, бұл жүзіктің құны бір мыс екенін, әрі кетсе бір күміске ғана сатуға болатынын түсіндірді.

Жігіттің көңілі әбден түсті, өйткені данышпан кісі оған бір алтыннан кем ақыға сатпа деген еді. Базарды қанша араласа да, жүзікті ойдағыдай ақыға сата алмай, аттың басын бұрып, көңілі қатты түскен күйде, данышпанға оралыпты.

– Тақсыр, мен бұл жүзікті өзіңіз айтқан алтынға сата алмадым, бірнеше күміске сататын едім, бірақ сіз алтынға сат дедіңіз ғой. Бұл жүзіктің шынайы құны қанша еді?

– Сен дәл қазір өте маңызды сөздерді айттың, – деді данышпан сөзін ары қарай жалғастырып: – Бұл жүзікті сатпас бұрын, шынайы құнын білген артық болмас еді, бірақ жүзік шынайы бағасын зергерден басқа кім біледі? Қазір дереу зергерге барып, жүзіктің құнын біліп кел. Есіңе сақта зергер қандай ақы ұсынса да, жүзікті сатпа.

Жігіт зергерге барып жүзікті ұсынып құнын сұрайды. Зергер құрылғысын алып, жүзікті ұзақ бақылап болған соң:

– Ақсақалға жеткіз, мен бұл жүзікке дәл қазір тек елу алтын ғана бере алам, егер сәл уақыт берсе жетпіс алтынға алар едім, егер, әрине уақыт берсе.

– Жетпіс алтын?! – деп, жігіт қатты таңғалып, қуанған күйде, кері қарай асығыпты.

– Тыңда, балам, – депті, жігіттің қуанышқа толы әңгімесін тыңдаған, данышпан: – Бұл жүзік мына тура сенсің, қымбат та қайталанбас! Сенің шынайы құныңды тек асылдар ғана анықтай алады. Сол себепті нәліктен базарға барып, қайдағы адамдардан құныңды іздейсің?



Мұхтар Мағауин:

Бүгінгі қазақ баспасөзі мен саяси өмірдегі ең бір бұзылған, бұрмаланған, кері мағына, басқаша ұғымға көшірілген сөздердің бірі. «Ұлыс» – нешеме ғасырлық ғұмыры бар тарихи атау, Көне Түрік заманынан кешегі күнге жалғасқан, бүгін де әуелгі мағынасын жоймаған, «мемлекет», «хандық», ауызекі тіл, әдепкі жағдайда – «бүткіл халық» деген сөз. Шыңғыс хан империясы «Еке Моғұл Ұлысы», яғни Ұлы Моғұл мемлекеті деп аталды.

Қадымнан бері, наурыз күнгі ең басты тілек – «Ұлыс оң болсын!» яғни ел-жұртымыз аман болсын, мерейлі болсын! Адам мен табиғат, жер әлемнің жаңару, жаңғыруы есепті көктем мерекесінің байырғы қазақтағы өзіндік атауы – «Ұлыстың ұлы



күні», яғни мемлекеттік, бүкілхалықтық мереке. Енді келіп... «ұлттар мен ұлыстар...» Нет-көн «ұлыс» десек, Қазақстан Республикасында тұратын басқа да халықтардың диаспоралары екен. «Диаспора» деп, өз атауымен айтып қалсақ, «біздің егемен елімізде бірлігі жарасып, тату-тәтті, шат-шадыман тіршілік кешіп жатқан» басқа ұлт өкілдерін кемсіту болып көрінбек. Сондықтан, тарихи танымы кемшін, білім-сауаты төмен әлдебір жоғары дәрежелі шенеунік, немесе сол шенеунікке ақыл қосқан тарихшы, әлде тіл маманы, өзіне беймәлім ғана емес, мүлде түсініксіз, әйткенмен ауыз толтырып айтарлық «ұлыс» деген сөзді ұсынған.

Сонымен, Қазақстанда тұратын, әуелде жүз отыз, кейінде жүз қырық, қазірде, бәлкім, жүз елу, жүз жетпіс «ұлт пен ұлыс» болдық та шықтық. «Ұлтымыз», тәрізі, жалғыз қазақ емес, саны біршама толымды, айрықша құрметті тағы бірнеше халық: орыс, украин, беларусь, өзбек, татар, түрік, ұйғыр, ал «ұлысымыз» – бұлар да ерекше сыйлы, әйткенмен жиын саны бір, екі-үш, бес-алты, он шақты кісілік: эскимос, чукча, юагир,

ҰЛЫС

нғанасан, нивх, нанай, одан озса жетпіс-сексенге жеткен, тіпті, екі-үш жүз, бес-алты жүз кісіден құралатын тағы қаншама – санамалап келгенде жүзден астам халық өкілдері. Сонда екі чукча мен үш нивх та «ұлыс» болып шығады екен. Әрине, республиканың тең құқықты азаматы, бірақ «ұлыс» түгілі, атаулы, дербес қауым емес, шыққан тегі сондай да сондай, жекелеген кісілер. Керек десеңіз, екі миллионнан астам орыс пен екі жүз мың ұйғыр да «ұлыс» бола алмайды. «Ұлыс», бүгінгі Қазақ Ұлысы – Қазақстан шегіндегі он жеті миллион – барлық жұрттың жиынтық атауы болуға тиіс. Ал жаңағы, екі кісілік, елу кісілік, асса бірер, бес-он мыңдық шағын

топтарға телінген «ұлыс» мәртебесі, сөз жоқ, біздің данагөй өкіметіміздің тікелей ұсынысы болмаса да, бармақ басқан мақұлынан соң ғана ресми түрде қабылданды.

Егер осы, қазаққа жат, қалған жұрттың бәріне басыбайлы, интернационал өкіметіміз «диаспора» атауынан шошынса, «ұлттар мен халықтар» деп айтуы керек еді. Өйткені бес-он кісінің өзі белгілі бір халық өкілі. Сөйтіп, кемі мың-мың жарым жылдық тарихы бар, қастерлі «Ұлыс» сөзін ел-жұртымызбен бірге құрдымға жөнелтпек екенбіз. Мұны аз десеңіз, осы жақында, ағымдағы баспасөз бетінде әлдебір білімпаз «облыс» сөзінің орнына «ұлыс» сөзін қолдану керек деген ұсыныс жасапты. Өтіп кетсе таңы жоқ. Бүгінгі үш кісі, бес кісілік дәреже-ден көтеріліп, тұтас бір аймақтың атауына жетеміз.

Қалай тартсаңыз да, ежелгі «Ұлыс» сөзінің байырғы және әдеби қалыбы ешқашан өзгермейді, бұл тараптағы далбағай шешімдер – совет заманында тыйым салынған «алаш» атауы сияқты, қайта тірілмек. Біздікі – бүгінгі сорақы жағдайдың бет пердесін ашып көрсету талабы ғана.

ТҰСАУКЕСЕРДІҢ ДЕ ТҮЙТКІЛІ БАР

Қазақтай тойшыл халық жоқ шығар? Той десе астындағы жаман тайын пұлдап, жалғыз түлігін сойып, ертеңгі күнге алаңдамай жүретін де осы қазақ қой. Сенбейсіз бе? Қазақта не көп, той көп. Шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап, қазақтың тойы қатарынан басталады. Өлгенін де еске алуды той ететін ел емеспіз бе? Торқалы той дегенің соның нышаны. Той дегенде домалайды-қу бастар. Сондай тойдың бірі - тұсаукесер. Бала бауырын жазып, қаз-қаз тұра бастаған сәтте үлкендер жағы қамдана бастайды. Ертеректе баланың тұсауын, өзімен тетелес балаға кестірсе, қазіргі күні қызметі үлкен, лауазымды тұлғаға арнайылап кестіріп жатады. Оның мәнісі неде?



қойылады. Мысалы, кітап таңдаса ғалым болады, қамшы таңдаса батыр болады, ал ақша таңдаса бай болады деген наным бар. **ӘЖЕЛЕРДІҢ ТҰСАУ КЕСКЕНІ ДҰРЫС ПА?** Баланың аяғына көпті көрген, немерешөбере сүйген ақ жаулықты әже жіпті

байлап, ақ батасын береді. Бірақ, қазақта ешқашан жасы егде кісіге тұсау кестірмеген. Қыз бала болса, пысық, ақжарқын, көпке қадірлі сыйлы келіншекке, ал ер бала болса, ел аузында жүрген қадірлі ер-азаматқа кестірген. Бұл күндері тұсауды көбінде жасы үлкен әжеге кестіру жиі кездесіп жүр. Осыған өзіміз мән беріп көрдік пе? Негізінен тұсау кесілген жіпті сол топтағы жаңадан нәрестелі болған немесе бала көтере алмай жүрген келіншекке ырым етіп таратылған.

ТҰСАУ КЕСУ ҮШІН НЕ ҮШІН АЛА ЖІП ДАЙЫНДАЛҒАН?

Ертеректе тұсауды «іші-сырты майлы, малды болсын» деп тоқ ішекпен, «жайқалып өссін», «шөп сияқты көбейіп, көкте» деп көк шөппен байлаған. Ол кезде де ала жіп қолданылған деседі. Оның мәнісі – біреудің ала жібін аттамасын, ақ пен қараны ажырататын, адал азамат болсын» деген ниетпен байлайды. «Жақсылықта асып-тасы-масын, жамандық көрсе жасымасын, қиыншылық басына түскенде еңсесі түсіп басылмасын, екеуінен тең өтсін» деген тілекпен ала жіп таңдалған.

Ала жіп адалдыққа жол ашады деп есептелген. Оған ақ пен қара жіпті айқастырып еседі. Ертеректе тұсауды қайшымен кеспеген. Өйткені баланың өмірі қайшылаудан басталса, алдағы өмірі күрделі, кедергіге толы болуы мүмкін деп есептелген. Сол себепті, пышақтың жүзін төмен қаратып кессе, бала жерден басын алмайтын, ынжық болып өседі деп ырымдаған. Сондықтан өршіл, ер мінезді ұрпақ болсын деген ақ тілекпен пышақ жүзін жоғары қаратып кескен. Түйін: Тұсаукесер - баланың өмірдегі сапарының сәтті болуы үшін, ақ ниетпен жасалған ырым. Әрине, қазақтың ертеден келе жатқан салтының жойылып кетпей, ұрпақтан-ұрпаққа жеткені көңіл қуантады. Бұл күні қазақ жұрты баласының тұсауын кескенде, ел-жұрттың аузында жүретін той өткізуді ойлайтын тәрізді. Қалай десек те, атадан балаға жалғасқан қазақ салтының қадірін кетірмесек екен...

А.АБЫЛАЙ

ULTTYQENSIKLOPEDIA

Бала бесіктен бөлі шығып, еңбектенуден өткен соң, аяғын баса бастайды. Бұл кішкентай бөбектің ең алғашқы талпынысы. Осындайда дана қазақ баланың келешегіне ақ жол тілеп, «тез жүріп кетсін» деген ниетпен тұсаукесер тойын жасайды. Халықтың түсінігі бойынша тұсауы кесілмеген бала «сүріншек». Ертеректе тұсаукесер тойын дәулетті адамдар көкпар тартқызып, ұлттық ойындардан түрлі жарыс ұйымдастырып, ұлан асыр той етіп өткізген. Қазіргі күні де жағдайы келетіндер тұсаукесер тойын үйлену тойынан кем етіп өткізбейді. Ертеректе баланың тұсауын кесу салтын өзімен тетелес бала орындайтын болған. Ол үшін балалардың жаяу жарысы етіп, жарыстан бірінші келген бала сәбидің тұсауын кескен. Мұндағы мақсат- бала тез жүрсін, жүйрік болсын деген ниетпен істелген ырым. Кейін жіпті кескен балаға сыйлық беріп, дастарханның үлкен қонағы саналған. Ал қазір тұсаукесер рәсімін - жүрісі жылдам, іске ширақ, іске епті адамға табыстаған. Баланың тұсауын кім кессе, соған тартады деген сенім бар халық арасында. Тұсау кесетін адам, өзімен бірге пышақ пен ала жіп алып келу керек. Баланы көпшілік ортасына әкеліп, екі кісі екі жағынан ұстап, қадамын бастырып, өркіне жібереді. Кілемнің үстіне жүріп келе жатқан сәбиге түрлі тәттілерден шашу шашылып, «тұсаукесер жыры» шырқалады. Кей жерлерде кілем үстіне кітап, қамшы, ақша және тағы басқа заттар

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Жанахмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ. Директордың телефоны 3-04-75 Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет «ЖЕТІСУ ШҰҒЫЛАСЫ» және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады. **Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru** Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй. **Осы шығарылымның таралымы 3050 Тираж 3050 Тапсырыс 1051 Көлемі 2 баспа табақ.**

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. **Компьютерная верстка Е.ТКАЧЕНКО.**